Жасалған өнімнің сапасы асбест талшықтарының ұзындығына тығыз байланысты. Өнімнің сұрыптылығы жоғары болған сайын асбест талшығы ұзындау болады. Асбест-цементтен өнім жасау үшін қысқа талшықты асбест пайдаланылады (талшық ұзындығы 10 мм-ден 0,01 мм-ге дейін). [2]

Асбест шаңы айрықша қауіп төндіреді. Құрылыс және кәсіпорын өнімдерін өндіру оның айтарлықтай мөлшері қалыптасуымен бірге жүреді. Атмосфералық ауаны ластайтын шығарындылардың көп бөлігін асбест цемент шаңының мөлшері 10 мкм дейінгі бөлшектері құрайды. Медицинадағы «деммен жұтылған асбест» термині асбест талшықтарының ұзындығы 5 мм артығырақ, диаметрі 3 мм кемірек және ұзындығы мен диаметрі арасындағы қатынасы 3:1 кем емес шаманы білдіреді. Сақтау және тасымалдау операцияларын қоса алғанда, шаң бөлінуін болдырмау үшін құрамында асбест бар материалдармен жұмыс жасағанда абай болу тиіс.

Көптеген дамыған елдерде асбесті пайдалануға тыйым салынған, бірақ Құрама Штаттарында ол әлі де пайдаланылады. Нью-Йорк қаласында 2001 жылғы 11 қыркүйектегі шабуылдардың нәтижесі «асбест шабуыл» атанды. Көп қабатты дүниежүзілік сауда орталығы жүздеген тонна асбест пайдалана салынды. Трагедиядан кейінгі зерттеулер қаланың топырағында асбест және шаңның деңгейлері шекті мөлшерге жеткенін көрсетті. Осы жағдайдың адам денсаулығына әсерін болжау әлі мүмкін емес, себебі асбестен туындайтын аурулардың ұзақ инкубациялық кезеңі болады.

ДДҰ(дүниежүзілік денсаулық ұйымы) онкологиялық зерттеу жөніндегі халықаралық агенттігі (International Agency on Research of Cancer-IACR) асбестті (актинолит, амозит, анто-филлит, хризотил, крокидолит, тримолит) адамға канцерогенділігі жоғары заттардың 1 тобына жіктейді. Көптеген елдерден алынған деректерде көрсетілгендей асбест шаңы өкпенің қатерлі ісігіне, өкпе қабығы мен қабырғалық ішастардың мезотелиома ісігіне (егер адам ағзасына тыныс жолдары арқылы түскен кезде) және кәсіби экспозициялық қатынастарға әкеледі.

Бұқаралық ақпарат құралдарында үздіксіз асбесті қолданудың қоршаған ортаға зияны туралы Халықаралық асбестке тыйым салу бойынша хатшылығының (International Ban Asbestos Secretariat) деректері бойынша, Норвегия, Финляндия, Швеция, Дания, Исландия, Ұлыбритания, Нидерланды, Австрия, Бельгия, Франция, Германия, Польша, Люксембург, Австралия, Чехия, Италия, Швейцария, Біріккен Араб Әмірліктері, Словения, Сауд Арабиясы және Чили елдерінде асбесті қолдану толық тыйым салынған.

Асбест-цемент өндірісіндегі жұмыс атмосферасының жағдайы ауада «аралас» шаң деп аталатын шаңның күрделі химиялық құрамы болуымен сипатталады, оның құрамында кремнийдің оттегімен қосындысының фиброгендік дәрежесіне әсер ететін және өзіндік фиброгенді әсері бар кремний диоксидінен басқа қосымша түрлі металл тотықтары (асбест-цементтің түсті шаңы) болады. Шаңның тұну және ұшпалық қасиеттері бірнеше факторлардың комбинациясына тәуелді: шаңның салыстыр-

малы салмағына, бетіне, пішініне, олардың ылғалдылығына, электрлік күйіне және температурасына. Екінші жағынан, тұну және диффузия құбылысы қоршаған ауаға байланысты, оның тығыздығына, қозғалысына, электрлік күйіне және т.б. [3]

Асбест-цемент құрылымдардың Шымкенттегі зауытында онкологиялық сырқаттанушылық пен қатерлі ісіктен өлім динамикасында анықталған өзгерістер асбест-цемент өндірісінің жұмысшылары асбест бар өндірістік шаңның салыстырмалы төмен деңгейіне ұшыраған кезде жаңадан қатерлі ісіктердің пайда болу қаупі бар екенін тағы бір рет растады. [4]

Аталған кәсіпорын жұмысшыларының еңбек жағдайларын талдау кезінде ең көп шаң жүктемесіне ұшыраған қалыптық және аппараттық цех қызметкерлері екені анықталды. Асбест-цемент өндіріс қалдықтарының ахуалы қоршаған ортаны тұрақты ластауы және асбест-цемент саласы қызметкерлерінің денсаулығына қауіптің ұлғаюуына байланысты шұғыл шешімдерді талап ететін ең маңызды экологиялық мәселелердің біріне айналды.

1978 жылдан бастап 2008 жылға дейінгі кезеңде кәсіпорын қызметкерлер арасында он жылдан астам тәжірибесі бар әр 46-шы жұмысшыдан қатерлі ісік анықталды. Бұл ретте, асбест-цемент өндіріс қызметкерлері арасында қатерлі ісіктердің құрылымында бірінші орын өкпенің қатерлі ісігіне (39,1%), екінші - асқазан қатерлі ісігі (12,3%), үшінші - тері қатерлі (10,4%) ісігіне тиісті. Асбест-цемент зауытында жұмысшылардың арасында қатерлі ісіктертен пайда болатын өлім-жітім қала халқының өлім-жітім көрсеткішінен 1,5 есе жоғары болды. Сонымен қатар, халық топтарының жас айырмашылығына байланысты өлім-жітім көрсеткіші өз ерекшелігіне ие екендігі анықталды.

Сондай-ақ, зауыт қызметкерлерінің барлық жас топтарының арасында өлім-жітім, аудандағы қала халқының өлім-жітіміне қарағанда айтарлықтай жоғары екенін анықтады [4].

Асбест-цемент өндірісі үшін герметизациялау, айрықша маңызға ие. Бірақ шаң-тозаң бөлінуін есептеу үшін ортақ әдістеме болмауы салдарынан, өндірістік орындардағы ластаушы көздерінің қайсысы, ең көп ластаушы екенін анықтау мүмкін емес.

Асбест-цемент өндірісіндегі жұмыс аймағындағы шаңды талдау. Асбест-цемент өнімдерін өндіру кезінде, жұмыс зонасының ауасында асбест-цементтің кіші дисперсті бөлшектері көбейе бастайды. Кіші дисперсті бөлшектер көптүрлі өндірістік процестердің арқасында пайда болады және олар ауа құрамында ұзақ уақыт бойы сақтала алады. Асбест-цемент шаңы оны өндіру, асбестті ұнтақтау және де жұмыстарды орындау кезінде құрамында асбест бар құрылыс материалдармен қолданғанда пайда болады. Өндірістік жағдайларда технологиялық жабдықтарда (асбест түсіру орны, конвейерлік жүйрік машиналар, шифер кесуге арналған білдектер, элеватор, асбестті бүрку мөлшерлеуіштері) шаң-тозаң бөліну принциптерінде зерттеу жүргізілді.

Асбест-цемент жұмыстарының барлық кезеңдерінде сақтық шараларының барлығын өндіру немесе тасымалдау және қолдану кезінде де мұқият сақтау қажет. Өндірістегі шаңнан қорғану жұмыстары, еңбекті қорғаудың басты міндеті болып табылады, себебі шаң көптеген жұмысшыларға бір мезетте әсерін тигізуі мүмкін.

Көптеген көзқарастаға сәйкес ауадағы аздаған шаңның мөлшері мүмкіндігінше болмауы керек:

- Адам ағзасына зиянды әсері;
- Шаң өндірістік қауіп болып табылады;
- Құрылғылардың тез тозуына әкеледі;
- Еңбек өнімділігін төмендетеді;
- Қоршаған ортаның басты ластаушы көзі.

Ағзаға шаңның әсері көбінесе шаңның химиялық құрамына, ауаның шаңдану дәрежесіне, бөлшектердің мөлшеріне және формаларына байланысты. Шаңның өлшемі шаңның сақталу ұзақтығына және де демалу органдарына ену тереңдігіне әсерін тигізеді. Өлшеміне қарай шаң бөлшектері көрінетін (10мкм-ден астам), микроскопиялық (0,25-10мкм), ультрамикроскопиялық (0,25 мкм-ден төмен) және аэрозолдер болып бөлінеді.

Шаңның ірі бөлшектері (10мкм-ден астам), ауа құрамынан бірнеше минут ішінде түсіп қалады. Бұл шаңдар демалу жолдарының бас бөлігінде тұрып қалып, сол аймаққа ғана кері әсерін тигізеді. Өкпе альвеоліне ірі шаңдар жетпейді. 10 мкм кем шаң бөлшектері сағаттар бойы ауа құрамынан түспей жүре алады. Пневмокониздерді туғызуға үлкен әсерін тигізетін шаңдардың мөлшері 5 мкм төмен шаңдар, себебі олар өкпе альвеоліне ауыз арқылы демалғанда немесе ауыр физикалық жұмыс жасағанда терең демалған мезетте еніп кете алады.

Асбест-цементті шаңдардың физико-химиялық құрамы. Құрылыс материалдар өндірісінен атмосфераға бейорганикалық ластаушы заттардың шығарындыларының есептеу әдіснамасына сай [5], асбестоцемент өндірісіндегі шаңның көлемін мына формула арқылы есептеуге болады (1):

$$M_{гр} = K_1 \times K_2 \times K_3 \times K_4 \times K_5 \times K_7 \times K_8 \times K_9 - B - G_4 - 10^6 / 3600, \text{ г/с} \quad (1)$$

мұндағы, $K_1, K_2 \dots K_8$ – құрылыс материалдарының физико-химиялық сипаттамасын, жергілікті метеошарттарын және қайта жүктеуші құрылғыларының типін ескеретін, жартылай эмпирикалық коэффициенттер.

K_5 – материалдардың кішікөлемді фракциялары мен шаңның ылғалдылығы ескерілген коэффициент ($d < 1 \text{ мм}$).

K_9 – «топтық» шығарындылар факторы ескерілген, дұрыстаушы коэффициент.

G_4 – 1 сағатта қайта өндірілген материалдың жалпы саны, т/сағ;

B – қайта төгу биіктігі ескерілген коэффициент.

Материалдағы шаң фракциясының үлес салмағы (K_1) және шыңның үлесі, кейінен аэрозольге айналатын (K_2) көрсеткіштері ерекше назарға ие. Анықтамалық әдебиеттер деректерін талдау кезінде, асбест-цемент шаңының коэффициент деректері табылмады.

0-дан 200 мкм-ге дейінгі өлшем шаң фракциясының салмағы, бүкіл байлау массасына сай келеді, сол себепті шаң бөлшегінің диаметрі 60 мкм аспайды деп қабылданады.

$$K_1 = \frac{m_{\text{пыл.фр}}}{m_{\text{пыли}}} = 1 \quad (2)$$

Әдебиеттердегі деректер бойынша [6], автор берген көрсеткіш бойынша асбест-цемент шаңының аэрозольді бөлшектерінің өлшемінің көлемін 3 мкм деп қабылдаймыз:

$$K_2 = \frac{m_{\text{аэр}}}{m_{\text{пыл.фр}}} \\ m_{\text{аэр.}} = 20\% \times m_{\text{пыл.фр.}} \quad (3)$$

20 % - асбест-цемент шаңы бөлшектерінің үлесі, аэрозольге айналып келе жатқан қисықтық бұқаралық интегралды бөлшектердің диаметріне сәйкес $D(d_c)$.

$$K_2 = 0,2$$

Алайда минералды мақтаның физико-механикалық қасиеттеріне жақын болғандықтан, талдау [7] кезінде K_1 -дің кестелік мәні 0,05-ке жылжуы керек, ал K_2 -нің мәні 0,01-ге.

Сонда асбест-цемент үшін коэффициенттердің көбейтіндісі:

$$K^{ac} = 1 \times 0,1 = 0,1 \quad (4)$$

әдіснамаға сәйкес, минералды мақта үшін [5]:

$$K^{mb} = 0,05 \times 0,01 = 0,005 \quad (5)$$

Коэффициенттердің қатынасы:

$$K^{ac} / K^{mb} = 0,1 \div 0,005 = 40 \quad (6)$$

Әдіснама [6] сәйкес асбесттің табиғи ылғалдылығы 2%-дан аспауы керек. Сондықтан:

$$K_5 = 0,8$$

Минералды мақтаның физико-механикалық қасиеті құрылыс материалдарға ұқсас ретінде қабылданып, K_5 мәні 0,1-ге жылжуы керек.

Асбест-цементті өнімдердің өндірісінің технологиялық кестесіне сәйкес, «топтық» шығарындылар байқалынбайды.

$$K_9 = 1$$

Осылай K_9 мәні минералды мақтаның кестелік мәніне сай болып шықты.

Ары қарай, атмосфераға бөлінетін өлшемі 10 мкм (PM10) және 2,5 мкм (PM 2,5) ұсақ-дисперсті асбест-цемент шаңдарды анықтау үшін, біріншіден, F коэффициентін екі түрлі әдіснама көмегімен табуымыз керек.

Өлшем жок F коэффициентін анықтау үшін, шаңның қону жылдамдығы ескеріледі, оны 2.5. ОНД-86 [9] әдіснамасынан қараймыз. Бөлшектердің қиғаш интегралы бөлшектердің массасының диаметрі көмегімен, d_g диаметрін тауып алу. d_g диаметрінен үлке бөлшектердің барлықтарының массасы – шаң бөлшектерінің жалпы массасынан және d_g диаметрінде шаңның қону жылдамдығының V_g (м/с), 5 % құрауы тиіс.

Ары қарай қауіпті желдің жылдамдығын U_m анықтаймыз. (Оны п.2.9. ОНД-86 [9] арқылы анықтаймыз.) F коэффициентінің мәні V_g / U_m , қатынасына байланысты табылады, оның ішінде: егерде $V_g / U_m \leq 0,015$ $F=1,0$; егерде $0,015 < V_g / U_m \leq 0,030$ $F=1,5$; ал қалғандары үшін V_g / U_m , F коэффициенті п.2.5 «б» ОНД-86 сай алынады.

Қатты бөлшекті шаңның қону жылдамдығын V_g , Стокс заңына сәйкес табамыз:

$$V_g = \frac{9,8 \times \rho \times g \times d_g^2}{18 \times \mu} \quad (7)$$

мұндағы,

ρ – d_5 диаметрлі бөлшектердің тығыздығы;
 g – еркін құлау үдеуі, м/с²;
 μ - газдың динамикалық тұтқырлығы, Па× с. (ауа үшін);
 d_g^2 – бөлшектің диаметрі, м.

$$\mu = \frac{1,75 \times 10^{-4} \times (273+t)^{0,688}}{273^{0,688}} \quad (8)$$

мұндағы, t – түтінді газдардың тәуелсіз температурасы, °С.

(7) және (8) формулалар арқылы:

$$V_g = \frac{1,45 \times 10^6 \times d_g^2 \times \rho}{T^{0,688}} \quad (9)$$

мұндағы, T – түтінді газдардың температурасы, оны $273 + t$ деп аламыз, К.

Формула көмегімен асбест-цемент құрылыс материалы үшін осы мән алынады:

$V_g = 3,51 \cdot 10^{-4}$ м/с.

Қосымша Е [8] байланысты шаңның қону коэффициенті $F=1$ деп алынады.

Әдіснамаға сай [9] шаңның қону жылдамдығы, бөлшектің сипатына және шаңның қозғалу ортасына байланысты. Рейнольдса Re критериясына сүйене отырып ортадағы шаңның қозғалысын, мына формула арқылы анықтай аламыз:

$$\xi \times Re^2 = \frac{\frac{g}{d} \times \rho_{cp} \times d^3 \times g \times (\rho_t - \rho_{cp})}{\mu^2} \quad (10)$$

ρ_{cp} – ортаның тығыздығы (ауа үшін - 1,29 кг/м³);

d – шаң бөлшегінің диаметрі, м;

g – еркін құлау үдеуі, м/с²;

ρ_t – шаң бөлшегінің тығыздығы, кг/м³;

μ – ауа ортасының тұтқырлығы, (ауа үшін - $18,14 \cdot 10^{-6}$ н*сек/м²).

Re -ге байланысты [10], шаңның қону жылдамдығы V_g осылай анықталады:

егер, $Re < 1,0$, $V_g = \frac{9,8 \times \rho \times g \times d_g^2}{18 \times \mu}$, м/с (Стокс формуласы)

егер, $500 > Re > 1,0$, $V_g = \frac{Re \times \mu}{d \times \rho_{cp}}$, м/с;

егер, $Re > 500$, $V_g = 5,45 \times \sqrt{\frac{(\rho_t - \rho_{cp}) \times d}{\rho_{cp}}}$, м/с.

Ары қарай қауіпті жел жылдамдығын U_m п.2.9. ОНД-86[9] көмегімен анықтаймыз. Одан кейін V_g / U_m қатынасына байланысты, F коэффициентінің мәнін анықтаймыз.

Асбест-цемент шаңы үшін әдіснама көмегімен $\xi \times Re^2 = 0,23 \times 10^{-7}$ параметрін анықтадық. Осыдан кейін V_g ($Re < 1,0$) мәнін анықтаймыз, оның мәні:

$$V_g = 3,6 \cdot 10^{-4} \text{ м/с}$$

$v_g/u_m < 0,015$ параметрі. Сондықтан қосымша E [10] байланысты, шаңның қону коэффициенті $F=1$ деп алынады.

Қорытынды. Жұмыстың көрсеткіштері, асбест-цемент шаңының шығарындыларының, есептеу үшін есептеу әдіснамасы [7] көмегімен, белгіленген көрсеткіштен 50 есе асатындығы есептеліп көрсетілді. Асбест-цемент шаңын есептеу үшін есептеу әдіснамасы [5] бойынша K_1 және K_2 коэффициенттерінен алынған есептеу қорытындыларын талдау кезінде, бізге нақты көрсеткішін бермейтіндігін көрсетті. Асбест-цементтің физикалық құрамын есептеу үшін физикалық қасиеттері ұқсас материалдардың біріктірілген көрсеткіштері бойынша жүргізілді. K_1 , K_2 және F көрсеткіштерінің мәндеріне сүйене отырып, асбест-цемент шаңы – жоғары дәрежелі полидисперсті шаң деп аталатын шыңның түрі есептеліп шығарылды. ОНД-86 әдіснамасы жоғары дәрежелі полидисперсті шаңымен есептеу жүргізе алмайды, себебі шаңның таралу аумағы мыңдаған километр және салмақсыздық күйінде бірнеше сағатқа дейін тұра алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Соколов П. Н., Технология асбестоцементных изделий. - М., 1960.
- [2] Домокеев А. Г. Строительные материалы. - М.: Высшая школа, 1988.
- [3] Экологические проблемы технологии цементного производства : Сб. трудов / Отв. ред. В. Б. Хлусов; Всесоюз. науч.-исслед. ин-т цементной пром-ти. - Вып. 22. - М., 1990.
- [4] Кулакеев О. К., Дауренов Б.Б. Состояние и пути улучшения онкологической службы Южно-Казахстанской области. Республиканская научно-практическая конференция «Актуальные проблемы клинической онкологии», г.Семей 2007г. - С.42-43.
- [5] Методическое пособие по расчету выбросов от неорганизованных источников в промышленности строительных материалов. Новороссийск, 2001.
- [6] ГОСТ 12871-93. Асбест хризотилловый. Общие технические условия. -М., 1993.
- [7] Азаров В. Н. Комплексная оценка пылевой обстановки и разработка мер по снижению запыленности воздушной среды промышленных предприятий : дис. д-ра техн. наук / В. Н. Азаров. - Ростов н/Д, 2004.
- [8] Методические указания по определению коэффициента оседания F при оценке загрязнения атмосферы твердыми выбросами ТЭС с учетом дисперсности летучей золы. М.: Российское акционерное общество энергетики и электрификации «ЕЭС России», 2001.12с.
- [9] ОНД-86. Методика расчета концентраций в атмосферном воздухе вредных веществ, содержащихся в выбросах предприятий. М.: Гидрометеоздат, 1987. 92 с.
- [10] Авербух Я.Д., Заостровский Ф.П., Матусевич Л.Н. Процессы и аппараты химической технологии. Ч.1. Свердловск: УПИ, 1969. 288 с.

Адилбек Д. А., Жуманова Г.С., Умбетбеков А.Т.

Влияние вредных факторов асбест-цементного производства на персонал и окружающую среду

Резюме: Показаны воздействие посадки пыли F коэффициентов на рабочих и окружающую среду с использованием методологии для расчета основного индекса, сравнивая основные показатели выбросов пыли асбестоцементных заводов.

Ключевые слова: асбест-цемент, хризотил – асбестовое волокно, минеральные ваты, методы.

Adilbek D.A., Zhumanova G.S., Umbetbekov A.T.

Effects of harmful factors in asbestos-cement production on personnel and the environment

Summary: The effect of F dust stamping on workers and the environment is shown using the methodology for calculating the main index, comparing the equipment indicators of dust emissions from asbestos-cement plants.

Key words: asbestos-cement, chrysotil - asbestos fiber, cotton woll mineral, methods.

УДК 622.692.4

Н.М. Садырбаева, Г.С. Жуманова, Н.С.Бергенева, М.Б.Ауанов

(әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы,
guldariha123@gmail.com)

ЦЕОЛИТТИ ПАЙДАЛАНУМЕН МҰНАЙДЫ ҚАУІПСІЗ ТАСЫМАЛДАУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Андатпа. Мақалада дайындалған катализаторлардың депресаторларды синтездеу кезінде көрсеткіші жоғары нәтижеге қол жеткізген. Мұнай тасымалдау барысында осындай химиялық реагенттерді, депресаторларды қосу, мұнай тұтқырлығының мөлшерін 40 есе төмендетіп, ағу кедергісін 50-70 %-ға азайтуға мүмкіндік беретіні көрсетілген.

Түйінді сөздер: цеолит, парафин, алюмосиликат, клиноптилолит, крекинг

Еліміздің экономикасын дағдарыстан алып шығатын маңызды сала – мұнай-газ өнеркәсібі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан – 2030» жолдауында, мұнай-газ саласының дамуын республикамыздың экономикалық өсуінің әлеуеттілігі деп атаған болатын.

Қазақстан мұнай қоры жағынан әлемдегі ең ірі мемлекеттердің алғашқы ондығына кіріп отыр. Мемлекетіміздің Республикалық балансында 212 көмірсутекті кен орындары бар. Мұнайдың қоры жағынан қарасақ, территориямыздың 62 % жерінде мұнай кен орындары орналасқан. Тек қана Каспий теңізі қойнауындағы мұнай қоры 13 млрд т. Ал, Ақтөбе облысында жылына 4,5 млн т.мұнай өндіріледі.

Пайдасы мен бірге мұнай өндірісінің қоршаған ортаға тигізетін зиянды әсері де аз емес. Қоршаған ортаның ластануы іздеу-барлау және мұнай-газ өндіретін ұңғымалар құрылысынан, мұнайды құбырмен тасымалдау кезінде басталады. Бұл кездегі ластаушы көздерге бұрғылау қондырғыларында орнатылған дизельдерден шығатын түтіндер, азот пен көміртек оксидтері, шаң, бұрғылау ерітінділері және т.б. жатады. Бұрғы мұнарасынан 800 км қашақтыққа дейін топырақ және өсімдіктер бұрғылау сұйығымен (құрамында 20-ға жуық химиялық реагенттер болады) ластанып, зардап шегетіні ғылыми түрде дәлелденген [1].

Мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдаудың ең тиімді түрі – құбырлық тасымал. Қазақстан аумағындағы мұнай құбырларының таралу сызбасы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Қазақстан аумағындағы мұнай құбырларының таралу сызбасы

Тасымалдаудың бұл түрінің артықшылықтары:

- өнімдерді айтарлықтай үлкен қашықтыққа тасымалдаудың өзіндік құнының төмен болуы;
- өнімдерді үздіксіз беру;
- автоматтандыру үшін кең мүмкіндіктің болуы;
- тасымалдау кезінде мұнай және мұнай өнімдерінің шығындарының азаюы;
- егер экономикалық жағынан тиімді болса, өте қысқа қашықтыққа құбырларды жүргізу мүмкіндігі.

Қазіргі кезде мұнайдың барланған жалпы көлемінде жоғары тұтқырлы парафиндік және асфальт-шайырлы мұнайлардың үлесі үздіксіз артуда. Оларды өндіру және тасымалдау асфальт-шайырлы және парафинді шөгінділерді болдырмау мәселесімен күрделенеді. Парафиндер – метан қатарының қатты көмірсутектері ($C_{17}H_{36}-C_{60}H_{122}$). Температура, қысым төмендегенде, сондай-ақ мұнайдың газсыздануы нәтижесінде парафин кристалдар түрінде шөгеді, олар терендігі жабдықтардың беттерінде және кәсіпшілік газ-мұнай құбырларында жинақталынуы мүмкін, сондықтан жүйенің өнімділігі күрт төмендейді. Асфальт-шайырлы және парафинді шөгінділермен күресуді негізінен төрт әдіспен: құбыр беттерінен шөгінділерді механикалық түрде жою; қорғаушы қаптамаларды жабу; жылулық әсермен ингибиторларды және асфальт-шайырлы және парафинді шөгінді еріткіштерін пайдаланып жүргізеді.


Жеке жағдайларда депрессаторларды, функционалдық қоспаларды, химиялық реагенттерді қосу мұнай тұтқырлығын 50 есеге, кату температурасын 5-10°-қа төмендетуге, ағу кедергісін 50-70 %-ға азайтуға мүмкіндік береді. Қолданылған әдістердің ішінен біз Шанқанай кен орнының табиғи цеолитін модифицирлеу арқылы катализатор дайындап, каталитикалық крекинг сатысында депрессатор дайындадық. Артықшылығы цеолиттер өзіміздің табиғи өнім болғандықтан материалдық жағынан арзан және сапалы. Мұндағы мақсат мұнай тұтқырлығын төмендетіп, қауіпсіз тасымалдауға жол ашу [2-3].

«Цеолиттер – бұл каркасты құрылысты алюмосиликаттар, олардың құрылымында қуыстар болады, бұл қуыстар өлшемі үлкен иондармен және су молекулаларымен толтырылған және олар қозғалғыштық қасиетке ие, сондықтан ион алмасуға және қайтымды дегидратацияға ұшырайды». Бұл цеолиттердің өздеріне тән ерекшелігі болып табылады.

Цеолиттің құрамын жалпы түрде мына формуламен көрсетеді:




мұндағы: x – SiO_2/Al_2O_3 мольдік қатынасы, 2 және одан да жоғары; n – металл катионының валенттілігі, y – судың мольдік саны. Табиғатта цеолит түзілу жағдайлары әртүрлі. Классикалық түсінік бойынша цеолиттер 250 °С жоғары температурада 200-300 МПа қысымда вулканнан кейін түзілген минералдар. Цеолиттер түстері ақ немесе түссіз, кейде мөлдір, тіпті сирек болса да қызғылт, қоңыр және жасыл реңде кездеседі. Тығыздығы 1900 - 2800 кг/м³. Көп кен орындары құрамын 30 – 90 % клиноптилолит, морденит немесе анальцим құрайды. Ілеспе минералдар болып монтмориолонит, гидрослюда, кварц, кристобаллит, дала шпаты және вулкандық шыны кездеседі. Қазіргі кезде, ең жиі пайдаланылатын табиғи цеолитті кен орындарындағы минералдардың құрамы клиноптилолиттен тұрады. Таза клиноптилолиттің құрамы төмендегі формулаға сәйкес келеді [4-6].




Табиғи цеолиттердің қышқыл әсеріне тұрақтылығы әртүрлі болып келетіні тәжірибе жүзінде сыналды. Цеолиттердің 1 н тұз қышқылында ерігіштігі негізінде (0,1 г цеолит 50 мл ерітіндіде 1 сағат бойы су моншасында ұсталынып тұрды) зерттелген цеолиттер 4 топқа тұрақтылығы жоғары, тұрақты, тұрақтылығы төмен және тұрақты емес болып бөлінген. Тұрақтылығы төмендерге эрионит пен шабазит, тұрақтыларға клиноптилолит, нотролит, гейландит, ал тұрақтылығы жоғарыларға морденит типті цеолиттер жатады. Парафин және парафинді мұнай шикізаттарын крекингілеудің катализаторлары ретінде кең кеуекті цеолиттер, соның ішінде клиноптилолит, морденит, шабазит, фожазит типті минералдар үлкен жетістікпен қолданылады. Модифицирленген табиғи цеолиттердің пайыздық көрсеткіштерін әртүрлі мөлшерде өзгертіп тәжірибе жұмыстары Ә.Б. Бектұров атындағы химия ғылымдары институтының мұнай және мұнай химиясы зертханасының қызметкерлерімен ғылыми зерттеулер жүргізілді. Катализатор дайындау үшін 1,6-2,8 мм табиғи цеолиттердің фракциясы тандап алынды. Модифицирлеуге концентрациялы тұз қышқылы ерітіндісі және гетерополикқышқылдар: $H_3PMo_{12}O_{40} \cdot 10H_2O$ және $H_3PW_{12}O_{40} \cdot 12H_2O$ қолданылды.

Алдын-ала іріктелініп алынған табиғи цеолит фракциясын кері салқындатқышы бар түбі дөнес колбаға салып, қажет мөлшердегі қышқыл ерітіндісінде, белгілі бір уақыт аралығында қайнап тұрған су моншасына қоямыз. Цеолитті қышқылмен модифицирлеу 4-6 сағатқа дейін жүргізіледі. Үлгі декантациялау арқылы бөлініп, тұнбаны Бюхнер воронкасына ауыстырып дистилденген сумен нейтралды жағдайға дейін жуады. Модифицирлеуден кейінгі қышқыл ерітінділері Fe^{3+} , Ca^{2+} , Mg^{2+} иондары бойынша талданды. Алынған үлгілер адсорбцияланған суды бөлу үшін ауада және кептіргіш шкафта 105 °С температурада тұрақты массаға дейін кептіріліп, ары қарай 600 °С-та пеште 4 сағат бойы қыздырылды [7].

Катализатордың жұмысын жақсарту үшін гетерополикышқылдарды отырғызу әдісі қолданылады. Шанқанай кен орнының табиғи цеолиті бетінде табиғаты мен күші әртүрлі қышқыл орталықтарын қалыптастыру үшін оның үлгілері бірінші тұз қышқылымен кейіннен молибденді PW_{12} -ГПҚ және вольфрамды PW_{12} -ГПҚ қатардағы гетерополикышқылдармен модифицирленді. Катализаторлар, минералды қышқылмен модифицирленген Шанқанай табиғи цеолитінің өлшемі бекітілген бөлшектеріне вольфрамды ($H_3PW_{12}O_{40} \cdot 6H_2O$) немесе молибденді ($H_3PMo_{12}O_{40} \cdot 6H_2O$) қатардағы ГПҚ-ды цеолиттің ылғалды сыйымдылығы бойынша сіңіру әдісі арқылы дайындалды. PW_{12} -ГПҚ мен PMo_{12} -ГПҚ сіңіруден кейін үлгілер 100 °С-та кептіріліп, 400 °С-та 4 сағат бойы қыздырылды, тек содан соң ғана каталитикалық белсенділігі анықталды. Алынған катализатордың ИК, РФА көрсеткіштері 2 және 3-суреттерде көрсетілген.



2-сурет. 10 % PW_{12} -ГПҚ ИК анализінің көрсеткіші



3-сурет. 10 % PW_{12} -ГПҚ РФА анализінің көрсеткіші

Осы әдістерден кейін өнім алу үшін каталитикалық крекинг қондырғысымен жұмыс жасаймыз. Каталитикалық крекинг қондырғысы құрылымы және оның жұмыс жасау әдістемесі 4-суретте келтірілген.

Крекинг сырты пешпен қапталған, ішінде стационарлы катализатор үлгісінің қабаты бар, ағынды типті реакторда жүргізілді.

Каталитикалық крекинг қондырғысы үш негізгі бөліктен:

- бастапқы газойлді сұйылтып беру бөлігінен;

- реакторлы бөліктен;


- крекинг өнімдерін қабылдау бөлігінен тұрады.

Қондырғының бірінші бөлігі N_2 және H_2 баллондарынан, сұйық және ауаны мөлшерлеп беру жүйелерінен тұрады.

Екінші бөлігі түтікті пеш және реактордан тұрады.

Қондырғының үшінші бөлігі конденсат жиналатын қабылдағыш пен газометрден тұрады. Сондай-ақ, жабдық қосымша бөліктерден тұрады: редуктор, реттегіш кран, ауа компрессоры, ресивер, реометр, жылытқыш, латр, термопара, тоңазытқыш, көбікті өлшегіш және барботер.

Қондырғы ұзындығы 260 мм, диаметрі 14 мм, маркасы Х18Н10Т болатын тотықпайтын болаттан жасалған ағынды реактордан (17) тұрады. Реактор арнайы электр пешінде (7) қыздырылады, ол латр (2) арқылы ток көзімен жалғасқан. Пешке берілетін күшті анықтау үшін латр вольтметрге жалғасқан. Реактордың ішкі және сыртқы температурасы хромель-алюмель термопарасымен өлшенеді. Термопара Вуд балкымасында $500\text{ }^{\circ}\text{C}$ -қа дейін қыздыру арқылы градуирленген.



1 – азот; 2 – латрлар; 3 – газ жылдамдығын өлшегіш; 4 – компрессор; 5 – ресивер; 6 – газ қыздыру жүйесі; 7 – пеш; 8 – тура салқындатқыш; 9 – қабылдағыш; 10 – кері салқындатқыш; 11 – газометр; 12 – айналдырғыш жүйесі; 13 – газойл беру жүйесі; 14 – газойл инжекторы; 15 – газойл қыздыру жүйесі; 16 – жұқа вентилдер; 17 – реактор

4-сурет. Каталитикалық крекинг қондырғысы

Қорыта келгенде дайындалған катализаторлардың жұмыс барысында 10 % PW12-ГПҚ қондырылған катализатордың көрсеткіші жоғары нәтижеге қол жеткізді. Мұнай тұтқырлығын азайтуға үлес қосқан бұл катализатор қазіргі кезде қолданысқа ие жаңа технологияның қатарларына жатады. Мұнай тасымалдау барысында осындай химиялық реагенттерді, депресаторларды қосу тұтқырлық мөлшерін 40 есе төмендетіп, ағу кедергісін 50-70 %-ға азайтуға мүмкіндік береді. Бұл дегеніміз қоршаған орта-

ға әсерін жақсартып, жұмыс барысын жеңілдетуге, сонымен қатар қауіпсіз жұмысты ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Брагинский. О.Б. Мировая нефтехимическая промышленность. Москва: Наука, 2003. – С. 556.
[2] Ахметов С.А. Технология глубокой переработки нефти и газа. Уфа: Гилем, 2002. – С. 672.
[3] Крекинг нефтяных фракций на цеолитсодержащих катализаторах. // Под ред. С.Н. Хаджиева. М., 1982. – С. 280.
[4] Курбангалиева Г.В., Кудерева Л., Сарсекова А.Т., Нурбаева Р.К., Утелбаева А.Б., Конуспаев С.Р. Кислотное модифицирование природного цеолита // Сборник науч. Трудов посвященный 70-летию Д.З.Серазетдинова. Междунар. Конф. «Химия и технология удобрений и материалов». Алматы, – 2004. – С.144-149.
[5] Конуспаев С.Р. Нефтехимическая промышленность Казахстана. Состояние, проблемы, перспективы // Химический журнал Казахстана – 2003. № 1. – С.34- 43.
[6] Конуспаев С.Р. Проблемы нефтепереработки и нефтехимии в Казахстане и пути их решения // Вестник КазНУ. – 2004. №4. – С.214-219.
[7] Исаков Я.И., Миначев Х.М. Новые возможности использования цеолитных материалов в катализе // Нефтехимия. 1990. – Т.31. № 3. – С. 291-325.

Жуманова Г.С., Садырбаева Н.М., Бергенева Н.С.

Новые технологии безопасной транспортировки нефти с использованием цеолита

Резюме. В статье показано, что изготовленные катализаторы показали высокий результат при синтезе депресаторов. Использование химических реагентов, депресаторов при перевозке нефти по трубопроводу снизило вязкость нефти в 40 раз, а препятствие течения удалось снизить до 50-70 %.

Ключевые слова: цеолит, парафин, алюмосиликат, клиноптилолит, крекинг

Zhumanova G.S., Sadyrbaeva N.M., Bergeneva N.S.

New technologies for the safe transport of oil by using zeolite

Summary. The article shows that izgotovlenie catalysts showed high results in the synthesis of deprecation. The use of chemical reagents, deprecation when transporting oil by pipeline reduced oil viscosity at 40 times, and the obstacle course was reduced to 50-70 %.

Key words: zeolit, parafin, aluminosilicate, clinoptilolite, crekking

УДК 669.437

А.М. Тойшыбек, Г.Ж. Молдабаева

(Казахский национальный исследовательский технический университет имени К.И.Сатпаева,
Алматы, Республика Казахстан)

**ИССЛЕДОВАНИЕ ТЕРМОДИНАМИЧЕСКИХ ПАРАМЕТРОВ РЕАКЦИЙ
ЭЛЕКТРОПЛАВКИ СВИНЦОВЫХ ПЫЛЕЙ АККУМУЛЯТОРНОГО ПРОИЗВОДСТВА**

Аннотация. Представлены способы переработки свинцовых пылей аккумуляторного производства. Проведен термодинамический анализ реакций восстановления сульфидных и оксидных соединений свинца углеродсодержащим восстановителем и реакции взаимодействия оксида и сульфата свинца с сульфатом натрия и содой. Термодинамический анализ проведен в интервале температур 673 – 1273К. Рассчитаны значения свободной энергии Гиббса и константы скорости указанных реакций в зависимости от температуры.

Ключевые слова: аккумуляторный лом, свинцовая пыль, электртермическая плавка, переработка отходов, термодинамический анализ.

Основным сырьем для производства вторичного свинца является аккумуляторный лом, отходы аккумуляторной промышленности и производства сплавов, отходы прокатных цехов и химической промышленности, изгарь, лом, пыль и др. [1].

Использование свинца непрерывно растет, потому что во многих случаях нет альтернативных материалов для его замены, в частности, в наиболее распространенных источниках тока – свинцово-кислотных аккумуляторах. Так, по данным международной межправительственной организации, занимающейся вопросами мирового производства и потребления свинца и цинка – International Lead and Zinc Study (ILZSG), и прогноза на ближайшие годы (минимум до 2030 г.), рост выпуска бытовых и промышленных аккумуляторов (при непрерывном их совершенствовании) будет обеспечивать по-

вышение потребления свинца и стимулировать увеличение общемирового производства этого металла, сплавов на его основе и другой свинецсодержащей продукции, независимо от частичного сокращения его использования в других отраслях [2].

В настоящее время в металлургии вторичного свинца применяют переплав неразделанного аккумуляторного лома в шахтной печи и роторной печи. В связи с этим, в процессе плавки аккумуляторного лома в металлургических печах образуется пыль, содержащая свинец, сурьму и др. металлы. Эти пыли с каждым годом приобретают все большее экономическое и экологическое значение.

Специфика физико-химических свойств и касательно высокая концентрация тяжелых цветных металлов в пыли аккумуляторных заводов, послужили основанием для разработки технологических схем переработки этих пылей с целью извлечения свинца, сурьмы и других тяжелых цветных металлов.

В зарубежной и отечественной практике используются следующие способы переработки свинцовой пыли:

- обжиг в трубчатой печи;
- содово-восстановительная электроплавка [3].

Учитывая высокий расход топлива и сложность аппаратного оформления процесса обжига в трубчатой печи, для нас приоритетом являются электрометаллургические методы, а именно содово-восстановительная электроплавка. В этом случае, в качестве флюсующих реагентов используется сода и кварцевый песок.

Постановка цели и задачи. Получение дополнительного количества цветных металлов из отходов аккумуляторного производства с применением содовой-восстановительной электроплавки. Основные задачи:

- анализ основных способов переработки отходов аккумуляторного производства;
- термодинамическое обоснование процесса плавки отходов аккумуляторного производства с соответствующими реагентами.

Материалы и методы исследования. Оценка вероятного направления реакций, протекающих между компонентами свинецсодержащих пылей и флюсующих реагентов проводилась по изменению термодинамических величин системы. Для определения вероятности протекания химических реакций выполнен термодинамический анализ с учетом зависимости изобарно-изотермических потенциалов (свободная энергия Гиббса) реакций от температуры. Свободная энергия Гиббса (ΔG_T°) определяется по формуле:

$$\Delta G_T^\circ = \Delta H_T^\circ - \Delta S_T^\circ T, \quad (1)$$

где ΔH_T° - стандартные значения энтальпии, Дж/моль;

ΔS_T° - стандартные значения энтропии, Дж/К;

T – абсолютная температура, К. [4].

Изменение константы равновесия реакции (K_p) в зависимости от температуры определяется по следующей формуле:

$$\Delta G_T^\circ = -RT \ln K_p = -19,155T \lg K_p, \quad (2)$$

где R – универсальная газовая постоянная ($R=8,31696 \cdot 10^{-3}$ кДж/град·моль).




Привлечение химической термодинамики к исследованию металлургических (в том числе и восстановительных) процессов позволяет определить направление процесса, возможность его осуществления в тех или иных условиях. [5]

Термодинамические расчеты проводились с помощью программы HSC Chemistry 7.11 компании Outokumpu Technology Engineering Research Stainless Copper Zinc Metals.

Главными свинецсодержащими соединениями во вторичном сырье являются Pb, PbO, PbSO₄, PbS и некоторые другие компоненты. [6]

Механизм электроплавки пылей с применением кальцинированной соды определяется основными реакциями:





Результаты термодинамических расчетов приведены в таблицах 1-2.

Таблица 1. Значение энергии Гиббса (ΔG_T°) в интервале температур 673 К до 1273 К (кДж/моль)

Реакции	(ΔG_T°) , кДж/моль						
	673K	773K	873K	973 K	1073K	1173K	1273K
$\text{PbS} + 2\text{Na} \rightarrow \text{Pb} + \text{Na}_2\text{S}$	-243,5	-239,84	-236,26	-232,8	-229,48	-226,38	-223,81
$4\text{PbS} + 4\text{Na}_2\text{O} = 4\text{Pb} + 3\text{Na}_2\text{S} + \text{Na}_2\text{SO}_4$	-462,78	-471,89	-480,95	-490,02	-498,93	-508,29	-519,57
$\text{PbS} + \text{Na}_2\text{CO}_3 + \text{C} = \text{Pb} + \text{Na}_2\text{S} + \text{CO} + \text{CO}_2$	-483,68	-501,13	-518,15	-534,81	551,09	-565,68	-578,95
$2\text{PbS} + 3\text{O}_2 + \text{SiO}_2 = \text{PbO} + \text{PbSiO}_3 + 2\text{SO}_2$	-733,02	-716,26	-699,56	-682,94	-667,68	-654,820	-643,961
$\text{PbS} + \text{O}_2 = \text{Pb} + \text{SO}_2$	-206,454	-208,186	-209,868	-211,503	-213,089	-214,622	-216,096
$\text{PbSO}_4 + \text{Na}_2\text{CO}_3 = \text{PbCO}_3 + \text{Na}_2\text{SO}_4$	-39,306	-41,889	-44,744	-47,903	-51,314	-53,453	-55,180
$\text{PbO} + \text{CO} = \text{Pb} + \text{CO}_2$	-72,126	-73,446	-74,694	-75,873	-76,984	-77,715	-76,455
$3\text{PbO} + 2\text{C} + \text{Na}_2\text{SO}_4 = 3\text{Pb} + \text{Na}_2\text{CO}_3 + \text{CO}_2 + \text{SO}_2$	-1284,59	-1293,95	-1302,83	-1311,18	-1319,06	-1326,54	-1327,50

Таблица 2. Изменение константы равновесия реакций в зависимости от температур

Реакции	lg K _p						
	673K	773K	873K	973K	1073K	1173K	1273K
$\text{PbS} + 2\text{Na} \rightarrow \text{Pb} + \text{Na}_2\text{S}$	18,901	16,209	14,138	12,499	11,172	10,082	9,184
$4\text{PbS} + 4\text{Na}_2\text{O} = 4\text{Pb} + 3\text{Na}_2\text{S} + \text{Na}_2\text{SO}_4$	35,922	31,891	28,779	26,309	24,291	22,637	21,321
$\text{PbS} + \text{Na}_2\text{CO}_3 + \text{C} = \text{Pb} + \text{Na}_2\text{S} + \text{CO} + \text{CO}_2$	37,544	33,866	31,006	28,714	26,830	25,192	23,758
$2\text{PbS} + 3\text{O}_2 + \text{SiO}_2 = \text{PbO} + \text{PbSiO}_3 + 2\text{SO}_2$	56,898	48,405	41,861	36,666	32,506	29,162	26,426
$\text{PbS} + \text{O}_2 = \text{Pb} + \text{SO}_2$	16,025	14,069	12,558	11,355	10,374	9,558	8,868
$\text{PbSO}_4 + \text{Na}_2\text{CO}_3 = \text{PbCO}_3 + \text{Na}_2\text{SO}_4$	3,051	2,831	2,677	2,572	2,498	2,381	2,264
$\text{PbO} + \text{CO} = \text{Pb} + \text{CO}_2$	5,599	4,963	4,470	4,074	3,748	3,461	3,137
$3\text{PbO} + 2\text{C} + \text{Na}_2\text{SO}_4 = 3\text{Pb} + \text{Na}_2\text{CO}_3 + \text{CO}_2 + \text{SO}_2$	99,712	87,445	77,959	70,396	64,219	59,077	54,476

Заключение

Проведенные исследования позволили установить термодинамические особенности протекания основных реакций комбинированного электротермического способа переработки свинцовых пылей, определить области протекания исследованных реакций. Анализ термодинамических показателей реакций, протекающих при плавке свинецсодержащих пылей аккумуляторного производства с содой

и кварцевым песком подтвердил вероятность протекания исследованных реакций. Установлено, что выделение металлического свинца наиболее термодинамически вероятно при взаимодействии сульфидных и оксидных соединений свинца с солями натрия и углеродом.

ЛИТЕРАТУРЫ

- [1] А.М. Кунаев, И.Р. Польшянный, Р.С. Демченко. Электротермия в металлургии вторичного свинца /Алма-Ата: «Наука», КазССР,1980. - 192с.
[2] С. Точилин, А. Фатин, М. Береговой, В. Демихов. Новые технологии в переработке вторичного свинца //Уральский рынок металлов , № 9 сентябрь 2005.
[3] Худяков И.Ф. Металлургия вторичных тяжелых цветных металлов. – М.: Металлургия, 1987. - 528 с.
[4] Краткий справочник физико-химических величин. Под ред. Равделя А.А. и Пономаревой А.М. Л.: Химия, 1983, 232 с.
[5] Рузинов Л.П., Гуляницкий Б.С. Равновесные превращения металлургических реакций. М.: Металлургия, 1975, 416 с.
[6] Молдабаева Г.Ж., Кобжасов А.К. Термодинамический анализ основных реакций электроплавки свинцовых конвертерных пылей. //Труды Республиканской научной конференции "Молодые ученые - будущее науки", Алматы: КазНТУ, 2004, С. 382-385.

Тойшыбек А.М., Молдабаева Г.Ж.

Аккумулятор өндірісінен алынған қорғасын шаңын электрбалқытуының реакцияларының термодинамикалық параметрлерін зерттеу

Түйіндеме. Жүргізілген зерттеулер қорғасын шаңдарын өңдеудің электротермиялық әдісінің негізгі реакцияларының термодинамикалық қасиеттерін анықтап зерттеуге және реакциялардың бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді. Термодинамикалық талдаудың көрсеткішіне сүйене отырып, құрамында қорғасын бар шаңды сода мен кварц құмымен бірге балқыту кезінде орын алатын реакциялардың жүру ықтималдығын растады. Зерттеу нәтижесіне сәйкес, барлық қосылыстар арасында термодинамикалық ықтималдылығы жоғарылық көрсеткіші сульфидті және оксидті қосылыстардың натрий мен көміртекті тұздармен өзара әрекеттесуі кезінде анықталды.

Түйін сөздер: аккумулятор ломы, қорғасын шаңы, электротермиялық балқыту, қалдықтарды өңдеу, термодинамикалық талдау.

Toishybek A.M., Moldabaeva G.Zh.

The research thermodynamic parameters of reactions electrothermal smelting of lead dust from accumulator production

Summary. According to a research carried out, it is determined that thermodynamic features of the main reactions of the combined electrothermal method of processing of lead dust, and it has allowed to determine the areas of the course of the investigated reactions. As stated by the analysis of the thermodynamic parameters of the reactions, it is confirmed that the probability of the reactions which is taking place during the smelting of lead-containing dust accumulator production with soda and quartz sand. It has been established that the isolation of metallic lead is most thermodynamically probable when lead sulfide and oxide compounds interact with sodium and carbon salts.

Keywords: accumulator scrap, lead dust, electrothermal smelting, recycling, thermodynamic analysis.

ӨОЖ 664.69

¹Г.А. Умирзакова, ²Г.К. Исакова, ¹А.Б. Абуова, ¹Т.А. Байбатыров
(¹Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті,
²Орал, Қазақстан Республикасы Алматы технологиялық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы, zhan_u_a@mail.ru)

**МАКАРОН ӨНДІРІСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛҒАН ҰНТАҚТАЛҒАН ҚОСПАЛАРДЫҢ
ТАҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІГІН БАҒАЛАУ**

Аннотация. Жүргізілген зерттеулер нәтижесін талдай келе, ұнтақталған жүгері, ноқат, амарант ұндарын және сәбіз ұнтағын биологиялық белсенді қоспа ретінде қолдану макарон өнімдерінің тағамдық құндылығын арттыратынын растайды және барлық қоспалар экологиялық қауіпсіз екені анықталды.

Ұнтақталған қоспаларды қолдану макарон өнімдерін бағалы тағамдық құрауыштармен – ақуыздармен, ауыстырылмайтын аминқышқылдармен, дәрумендермен және минералды заттармен байыту үшін оңтайлы.

Түйін сөздер: макарон өнімдері, наубайханалық ұн, макарондық ұн, ұнтақталған қоспа, тағамдық құндылығы.

Кіріспе

Макарон өнімдерінің дәстүрлі түрлерінің тағамдық құндылығы жеткіліксіз, негізгі қоректік заттар: ақуыздар және көмірсулардың теңгерімсіздігіне ие. Қазіргі таңда макарон өндірісі алдында ас-сортименттерді жақсарту, өнімнің сапасын арттыру, ақуыздармен, дәрумендермен, басқа да тағамдық және биологиялық құндылығы жоғары құрауыштармен байытылған өнімдер өндіруді кеңейту міндеттері қойылған.

Макарон өнімдерінің тағамдық құндылығын арттырудың қажеттілігі оларды дайындауға арналған негізгі бастапқы шикізат – жоғары сұрыпты бидай ұнының ақуыз құрамы төмендігімен, оған қоса ауыстырылмайтын аминқышқылдарына кедейлігімен, дәрумендердің құрамы, әсіресе майда еритін және минералық заттардың төмендігімен сипатталады.

Қатты бидайдың қарапайым және екінші сұрыпты ұнынан жасалған макарон өнімдері өте жоғары тағамдық құндылығымен сипатталады, ең төмен – жоғары сұрыпты наубайханалық ұнынан жасалған; бірақ олардың барлығы ауыстырылмайтын аминқышқылдар: лизин, треонин, валин бойынша теңгерімсіз аминқышқылдар құрамымен ерекшеленеді [1-2].

Осы мәселені шешудің неғұрлым келешегі бар жолы – тамақтану сапасын арттыруға мүмкіндік беретін, отандық өндірістің диеталық және емдік өнімдердің сұранысын қанағаттандыратын, өсімдік шикізатын өңдеу жолымен алынған, биологиялық бағалы қоспалармен байытылған өнімдер өндіру.

Жоғарыда берілгендерге байланысты, дәнді, дәнді бұршақты, майлы және көкөністік дақылдардан алынған ұнтақталған қоспаларды қолдану негізінде макарон өнімдерінің тағамдық және биологиялық құндылығын арттыруға бағытталған зерттеу өзекті болып табылады.

Ұнтақталған қоспалар А.А.Башкирцевтің озық технологиясы бойынша механоактиватор диірменінде ұсақталып алынады. Онда адам ағзасына қажетті барлық қоректік және дәрумендік заттардан құралатын дәннің барлық морфологиялық бөліктері сақталады [3].

Зерттеу объектілері және әдістері

Эксперименттік зерттеулерді жүргізу үшін наубайханалық жоғары сұрыпты бидай ұны, макарондық ұн (қиыршық), ұнтақталған жүгері, ноқат, амарант ұндары және сәбіз ұнтағы қолданылды, олардың тағамдық және биологиялық құндылығы анықталды.

Ақуыздың салмақтық үлесін ұнда МемСТ 10846-91 бойынша анықталды [4].

Сокслет әдісі бойынша ұндағы майдың салмақтық үлесін анықталды (МемСТ 29033-91) [5]. Әдістің мәні өнімнің шикі майын Сокслет аппаратында еріткішпен 2 сағат бойы экстракциялау, кейін 60 мин бойы $105 \pm 5^\circ\text{C}$ температурада кептірілгенде еріткіш жойылады және алынған майды грамның мың үлесіне дейін өлшенді. Құрғақ затқа есептегенде майдың салмақтық үлесі % анықталды:

$$X = (m_2 - m_1) \cdot 100 / m \cdot (100 - W), \quad (1)$$

мұндағы: m – өнім сынамасының салмағы, г;

m_1 – бос колба салмағы, г;

m_2 – майы бар колба, г;

W – өнім ылғалдылығы, %.

Ұнның көмірсу құрамын МемСТ 10845-98 бойынша анықталды [6].

Аминқышқылдардың салмақтық үлесін «Капель 105 М» капиллярлы электрофорез жүйесінде, ұнда М-04-38-2011 әдістемесімен және макарон өнімдерін М-04-38-2009 әдістемесімен анықтадық [7].

Қышқылдық немесе сілтілік пиролизбен сынамалардың еркін түрдегі амин қышқылдарына ыдырауына, фенилизотнокарбамилді туындылар алуға, кейін олардың бөлінуі және капиллярлы электрофорез әдісімен сандық анықтау әдісіне негізделген. УК облысы спектрінің 254 нм толқын ұзындығында детектрлеу жүргізілді

Детектирлеу және кейін мәліметтерді өңдеу «Эльфوران» бағдарламасында жүзеге асырылды.

Буферлік ерітінді ретінде натрий тетраборат қоспасы және бор қышқылы атомизаторы пайдаланды.

Аминқышқылдардың салмақтық үлесін формула бойынша есептедік:

$$X = \frac{100 \times V_{\text{гидр}} \times V_{\text{кон}} \times C_{\text{изм}}}{1000 \times m \times V_{\text{ал}}} \quad (2)$$

мұндағы: X – сынамадағы амин қышқылдардың салмақтық үлесі, %;

$C_{\text{изм}}$ – дайындалған ерітіндіде амин қышқылдың салмақтық концентрациясының өлшенген мәні, мг/дм³;

m – сынама өлшемінің салмағы, мг;

$V_{\text{гидр}}$ – гидролизаттың жалпы көлемі, см³;

$V_{\text{кон}}$ – зерттелетін ерітінді көлемі, см³;

$V_{\text{ал}}$ – ФТК туындыларын алуға арналған гидролизаттың аликвотты үлесінің көлемі, см³;

100 – нәтижелерді пайызбен көрсетуге арналған көбейткіш;

1000 – көлем өлшем бірлігі мөлшерлігінің келісу коэффициенті.

Минералдық заттар құрамын ААС әдісі бойынша анықтадық. Атомды-абсорбциялы спектроскопия (ААС) – белгілі бір толқын ұзындығында атомдардың жарық жұту қасиеттеріне негізделген сандық талдау әдісі (резонанстық жұтылуы).

Атомды-абсорбциялық талдау әдісі оптикалық диапазонның бос атомдарымен сәулеленуін жұтуға негізделген. Соған байланысты, валентті электрондардың энергиясына сәйкес оптикалық диапазонда, бос атомдар мен көпатомды бөлшектер әртүрлі спектр береді. Сондықтан АА анықтау анықталатын заттың атомдық бұға айналдыру маңызды алғышарт болып табылады. Бұл үшін жоғары температураның көзі — атомизатор қолданылады [8].

Ұнның (МемСТ 8756722-80) құрамындағы β -каротиннің салмақтық үлесі өнімді органикалық еріткішпен экстрагирлеу арқылы алынған және алюминий тотығында колоналық хроматография көмегімен қосылыстардан тазаланып алынған ерітіндідегі β -каротиннің массалық концентрациясын спектрофотометриялық анықтауға негізделген колоналық хроматография әдісімен өлшенді.

Ұндағы (МемСТ 30417-96) Е дәруменінің салмақтық үлесін анықтау үшін колоналық хроматографияның Fe^{+3} -тің Fe^{+2} -ге дейін токоферол көмегімен тотықсыздану және Fe^{+2} -нің батофенантролинмен немесе α , α' - дипиридилмен, не ортофенантролинмен боялған кешеннің түзілу реакциясымен колориметриялық әдісі қолданылды. Е витамині экстрактісын реакцияға дейін алюминий тотығымен колоналық хроматография көмегімен тазалап алуға болады.

Ұн (ГОСТ 29140-91) құрамындағы РР дәрумені ниацинді байланысқан күйден гидролиздеу арқылы босату, глутаканды альдегид туындысын мөлшерлі алу кезінде заттарды анықтауға кедергі келтіретін бөлшектерден гидролизатты тазалау және оның салмақтық үлесін 400-425 нм-де стандартты ерітіндімен салыстыра отырып, колориметрлік өлшеумен колориметрлік әдіспен анықталды.

С витаминінің ұнда (ГОСТ 24556-89) болуын анықтау үшін өнімнен метафосфорлық қышқыл немесе сірке және метафосфорлық қышқыл қоспасы ерітіндісімен С витаминін экстрагирлеуге, аскорбин қышқылын белсендендірілген көмір көмегімен дегидроаскорбин қышқылына дейін тотығуына, оның офенилендиаминмен әрекеттесу кезінде флуорестеуші қосылыс түзуіне негізделген флуориметриялық әдіс қолданылды. Толқын ұзындығы 350 нм және сәулелену жарығы 430 нм-ге тең флуоросценция қарқындылығын өлшеу арқылы жүргізіледі [8].

МЕМСТ Р 51301-99 бойынша токсинді (кадмий, қорғасын және мырыш) элементтердің мөлшерін анықтау үшін инвесионды – вольтоамперометриялық әдіс қолданылды. ИВ өлшеу әдісі шекті диффузионды ток берілген жағдайда сарапталатын ерітінді құрамынан элементтердің индикаторлық электродта электрохимиялық жолмен тұну қабілетіне, содан соң анодты поляризация процесі кезінде еру қабілетіне негізделген. Құрылғының сезімталдығы барысында потенциалдың өзгеріп отыру режимінде электрод бетінен элементтерді электроеріту жүргізіледі. Анықталатын элементтердің аналитикалық сигналдары тіркеуші вольтоамперограммада орналасқан. Қолданылған вольтоамперометриялық анализатор ТА-1 компьютер кешенінде вольтоамперограмманы өңдеу және сараптама қорытындысын автоматты режимде есептейтін бағдарламамен қамтамасыз етілген.

Мышьяқтың болуы МЕМСТ 51962-2002 бойынша колориметриялық әдіспен анықталды. Ол КФК-2 фотоэлектірлік колориметрде хлороформды мышьяк пен күмістің диэтилдитиокарбаматының кешенді қосылыс ерітіндісінің боялуы қарқындылығын есептеу жолымен жүргізіледі

МЕМСТ 26927 – 86 бойынша колориметриялық әдіспен сынаптың мөлшері анықталды. Ол сарапталатын үлгіні азот және күкірт қышқылдары қоспасымен деструкциялау барысында сынаптың мыс йодидімен тұнуының нәтижесінде тұнбаны мыстың тетраयोномеркуроаты түрінде колориметриялық анықтап, стандартты шкаламен салыстырады.

Пестицидтердің болуы (α , β және γ -ГХЦГ, ДДТ және олардың метаболиттері) газды сұйықтық хроматографиялық әдіспен және ҚР СТ 2011-2010 анықталды. Әдістің мәні полярлы емес силиконды фаза және газ тасушы-азотты қолдану арқылы электрондарды жинақтағыш детектормен қамтылған хроматографта хлороорганикалық пестицидтерді табу, оларды тазалауда [9].

• Технические науки

В₁ афлотоксиннің мөлшерін анықтау – жіңішке қабатты хроматографиялық әдіспен (ЖҚХ), өнім үлгісінен В₁ афлотоксинның хлороформ көмегімен экстракциялауға негізделген.

Дезоксиниваленол және зеараленон құрамын – жіңішке қабатты хроматографиялық әдіспен анықталады [8].

Микробиологиялық зерттеулер үшін микрофлоралардың сандық және сапалық анықтау әдістері қолданылды. Мезофилді аэробты және факультативті-анаэробты микроағзаларды анықтау МемСТ 10444.15-94 бойынша; көгерген саңырауқұлақтар мен ашытқылар МемСТ 10444.12-88 бойынша анықталды.

Ұн және қоспалардың энергетикалық құндылығын 1 г майды жаққанда 9,0 ккал, 1 г ақуызды – 4,0 ккал, 1 г көмірсуды - 3,85 ккал бөлінетінін ескере отырып, өнімдердегі ақуыздар, майлар, көмірсулардың нақты құрамы негізінде есептедік.

Нәтижелер және оларды талқылау

Макарон өнімдерін байыту үшін биологиялық активтік қоспа ретінде жүгері, ноқат, амарант ұндарының және сәбіз ұнтағын қолдану оңтайлылығын негіздеу үшін алдымен барлық аталған қоспалар түрлерінің тағамдық құндылығын меңгеру бойынша зерттеулер жүргізіліп, жоғары сұрыпты бидай ұнымен және макарондық жармалықпен салыстырмалы талдаулар жүргізілді.

Макарон өнімдері өндірісінде қолданылатын, жоғары сұрыпты бидай ұнының, макарондық жармалықтың, жүгері, ноқат, амарант ұндарының және сәбіз ұнтағының химиялық құрамын зерттеу нәтижелері 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Ұнның және қоспалардың тағамдық құндылығы

Көрсеткіштер аталуы	Жоғары сұрыпты бидай ұны	Макарондық жармалық	Амарант ұны	Сәбіз ұнтағы	Жүгері ұны	Ноқат ұны
Ақуыз, г/100г	11,2	12,46	8,94	0,71	8,94	22,1
Майлар, г/100г	0,89	0,95	6,65	0,055	1,97	3,12
Көмірсуды, г/100г	68,4	67,2	64,8	3,8	68,7	61,8
Күлі, г/100г	0,54	0,78	2,73	0,55	0,95	3,48
Минералды заттар, мг/100г						
«Нөлдік емес бағаның» фактісі көптеген экономикалық салдарларға ие. Қалдықтарды кәдеге жаратудан ақша тапса болады: қоқыстарды бір жерге тастау керек адамдардан, сондай-ақ қалдықтардан екінші реттік шикізат алып, оны өңдеп және сататындардан. АҚШ-тағы кейбір ірі үйінділер күні-

не жүз мың долларға дейін айналымда болады. Бұл қалдықтарды қайта өңдеу өнеркәсібіне жеке компанияларды тартудың алғышарты болып табылады.

Бірнеше еуропалық елдерде тұрмыстық қалдықтарды жағу кезінде энергияны пайдалану көптеген жылдар бойы жүзеге асырылды. Амстердамда 60 жыл бойына ҚТҚ жоғары қысымды қуатта бу генераторларында жағады. Сонымен қатар, қала тұтынатын шамамен 6% электр қуаты өндіріледі. Бұл әдісті Германияда пайдалану 20%-дан астам тұрмыстық электр энергиясын тұтастай елде тұтынуға мүмкіндік береді [4]. Американдық ғалымдардың есептеуі бойынша қатты тұрмыстық қалдықтардың энергиясын пайдаланудың өте маңызды перспективалары бар екендігін көрсетті. АҚШ-та жанармай санаттары

136 млн. т шамасында есептелінеді, ал олардың жылу қуаты 136 млрд. кВт-қа бағаланады, бұл күкірт көлемі төмен немесе 54,7 млн. т мұнай бар немесе 29 млн. т көмірді жағуға тең. Тұрмыстық қоқыстардың шамамен 6% -ы әлемде өнеркәсіптік әдістермен жыл сайын өртенеді (50 миллион тонна), бұл әлемдік экономикаға 7,5 млрд. кВт энергия және 500 тонна бумен қамтамасыз етеді [5].



2-сурет. Қалдықтарды тұтынуды басқарудағы Еуропалық тәжірибе

Ресейлік сарапшылар қатты қалдықтарды басқаруды жекешелендіру кезінде ескерілуі қажет көптеген факторлардың бар екенін атап өтеді. ТМД елдерінде муниципалдық өнеркәсіптерде берілген басқаруда аталған мәселелердің ұқсастығы көрсетілді [5, 58 б.]. Орталықтандырылған жүйе операцияларды стандарттауға және жаңа тәсілдер мен технологияларға көшу кезінде қажетті икемділікті қамтамасыз ете алады.

Сонымен қатар, муниципалдық кәсіпорындар бәсекелестіктің жоқтығынан әдетте тиімді жұмыс істемейді, себебі олардың жұмысын қалалық бюджеттен қаржыландырады. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және көму үшін осы кәсіпорындар халықтың арзан бағаларын ұсынуы мүмкін, оның құрылымында пайда мен салықтар біріктірілмеген, бірақ экологиялық талаптар жиі еленбейді. Жеке меншік кәсіпорындар қалалық бюджеттен қаржыландырылмайды және барлық экологиялық стандарттарға сәйкес келуге мәжбүр болады. Бәсекелестік (әрине, егер ол пайда болса) қалалық әкімшіліктегі саяси өзгерістерге қарамастан жеке кәсіпорындарды тиімді жұмыс жасауға мәжбүрлейді. Қалдықтарды кәдеге жаратудың жоғары бағасы қалдықтармен жұмыс істеуге қосымша тетікті жасайды: мысалы, көптеген елдерде және мекемелерде шығарылатын қалдықтар санына байланысты оларды жою үшін ақы төлейді. Бұл полигонға жіберілген қалдықтардың мөлшерін азайту үшін қуатты ынталандырады, ал биліктің тапсырмасы полигонға нақты баламаларды қамтамасыз ету, мысалы, екінші шикізатты жинауды ұйымдастыру. Халық қоқыстарды шығару үшін ақы төлеу қажет болса, қайта өңдеуге болатын материалдарды жинауға көбірек дайын болады. Дегенмен, қалдықтарды жоюдың бағасы өте жоғары заңсыз полигондар мәселесіне алып келуі мүмкін. Бұл жағдайда екіншілік өңдеудің бағдарламасын жасау қажет, "өздігінен" пайдасыз болып табылатын қалдықтардың көму орны үшін үнемделген ақшаның есебінен экономикалық тұрғыдан негізделеді. Төменде коммуналдық қалдықтардың көздері келтірілген. Қалдықтың санаттарын талдау бүгінгі күні көптеген ҚТҚ құрамдарының пайдалы өнімдерге өңделетінін көрсетеді.

1-кесте. Қалдықтар санаттарының тізімі

<p>Тұрғын үй Жеке және көп пәтерлі үй</p> <p>Шаруашылық Мекеме Дүкендер Мәдени орындар Қоғамдық тамақтану кәсіпорны Қонақүй Бензин колонкасы</p> <p>Коммуналдық қызметтер Құлату және ғимараттарды салу Көшелерді тазалау Жасыл құрылыс, саябақ, жағажай Қоқыстарды өртегендегі және қоқыстарды өндегендегі азық-түліктік қалдықтар</p> <p>Мекеме Мектептер Ауруханалар Түрмелер</p> <p>Өндіріс Ауылшаруашылық</p>
<p>Қағаз Газеттер Офистік қағаз Жылтыр қағаз Компьютерге арналған қағаз Қалың қатырма қағаз</p> <p>Пластик Аралас пластик Пенопласт Басқа пластик (полиэтилен, ПВХ)</p> <p>Металл Ферромагнетик Алюминий Ферромагнетик емес басқалар</p> <p>Шыны Мөлдір Қоңыр (“Янтарь”) Жасыл</p>


Кестелерде келтірілген деректерді талдай келе, қалдықтардың алғашқы төрт санаты сұранысқа ие және қазірдің өзінде олардың нарығы бар екенін атап өтуге болады. Түрлі түрдегі *қағаз қалдықтары* целлюлоза өндіру үшін дәстүрлі целлюлозамен қатар көптеген онжылдықтар бойы пайдаланылды [6]. Аралас немесе сапасыз қағаз қалдықтарынан дәретхана қағазы немесе орау қағазы мен картон дайындауы мүмкін. Қағаз қалдықтары жылу оқшаулағыш материалдар өндірісі үшін және ауыл шаруашылығында сабақтардың орнына шаруашылықтарда пайдаланылуы мүмкін. Осылайша, бұл қалдық әрқашан сұранысқа ие, орталықтандырылған және үздіксіз жинауды және орауды ұйымдастыруды жалғыз нәрсе қажет.

Жалпы пластикті қайта өңдеу - қымбат және күрделі процесс. Пластманың кейбір түрлерінен (мысалы, PET - алкогольсіз сусындарға арналған екі және үш литрлік ашық мөлдір бөтелкелер) бірдей қасиеттерге ие жоғары сапалы пластикті алуға болады [7, 86 б, 8]. Басқалар, (мысалы, ПВХ) қайта өңдеуден кейін басқа тек қана құрылыс материалдары (плиталар түріндегі түрлі полимерлік композициялар және т.б.) ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Әйнек әдетте тегістеу және қайта өңдеу арқылы өңделеді (әйнек бірдей түсті болғаны жөн). Тегістеуден кейінгі сапасыз шыны сыну құрылыс материалдары үшін толтырғыш ретінде пайдаланылады (мысалы, «глассфальт» деп аталады).

Қазақстандағы бұл қалдықтардың іс жүзінде өңделмегенін ескере отырып, біз басқа елдердің тәжірибесін толығырақ қарастырамыз. Шет елде қираған әйнектерді жинау және өңдеу кезінде көптеген тәжірибе жинақталған [10]. Үлкен қалаларда шыны қалдықтарын жинау негізінен мамандандырылған кәсіпорындармен жүзеге асырылады. Мысалы, АҚШ-та қираған әйнектерді жинау және өңдеумен шыны өндіретін фирмалар, олар жинау пункттерін жабдықтау және бастапқы өңдеуді қамтамасыз етумен айналысады. Әдетте, сұрыптау және өңдеуге арналған қондырғылар тікелей шыны зауыттарында орнатылады. Стандартты модульдерден тұратын осындай құрылғылардың сериясы тез және оңай орнатылып, жаңа модульдермен толықтырылуы мүмкін, «Owens-Illinois» көпұлтты компаниясының мамандары - әлемдегі ең ірі шыны ыдыстардың өндірушісі болып табылады. Бір ғана АҚШ-та компания мұндай өңдеуге арналған 60 зауытты іске асырады, олар жаңа шыны ыдыстар шығаруға жылына 1 млн. тоннаға дейін ұсақталған шыны құты ұсынады.

Германияда жинақ жинаумен айналысатын фирмалар оны шыны зауыттарына қоспаларды тазарту үшін алдын ала емдеу және т.б. қажетті бөлшектердің мөлшерін алу мақсатында тікелей жеткізеді. Сондықтан жеткізілетін қираған әйнекті шихтаға енгізуге толық дайын. Кейбір еуропалық елдерде, мысалы, Венгрияда, қираған әйнектерді кәдеге жарату жөніндегі ұйымдар (қоқыс қағазы, резеңке, тоқыма және ағаш қалдықтары) жинайды. Қираған әйнектерге арналған арнайы контейнерлер орнатылған. Тұрақты жинау пунктімен қатар, кәсіпкерлерді және қалалық тұрғындарды үнемі айналып өтуді қоса алғанда, қоқыс жинаудың мобильді әдісі қолданылады. Сонымен қатар, Венгрияда әйнек қабылдайтын кәсіпорындармен ірі контейнерлерді орнату сияқты, шыны құтысын жинаудың экономикалық жағынан тиімді жолын пайдаланады. шыны жинап қана емес, түсі бойынша қолмен сұрыптап және уататын жылжымалы механикаландырылған қабылдау пункттері кеңінен қолданылады. Ұлыбританияда жыл сайын 16130 мың т шыны ыдыстан шыққан қалдықтар рециклингке шалдығады, бұл қаптама қалдықтары бойынша Еуроодақ директивасының орындалуының нәтижесі болып табылады. Бұл нәтиже халықты екінші реттік ресурстарды пайдалану бағдарламасына тарту бойынша табысты ақпараттық жұмыспен байланысты. Шыны ыдыстарды жинау жүйесін енгізу мектеп арасындағы жарыстар ұйымдастыру, қабырға плакаттарын шығару, қайталама шикізатты жинауға арналған сыйлықақылар құру және бұл оқиғаларды бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен тарату секілді іс-шараларға ықпал етеді. Шыныдан жасалған әйнек шыны өндірушілерді пайдалануды ұлғайту мақсатында, шет елдердің түсіне қарай сұрыптау үшін автоматтандырылған жүйелерді шетелде қолдануға болады. Мысалы, Mogensen GmbH (Германия) кәдеге жарату үшін арналған әр түрлі шыны сыныбын автоматтандырылған оптоэлектрондық жүйелерді әзірледі. MikroSort® AX құрылғысы сұрыптауға арналған 5 - 60 мм диаметрі бойынша жоғары ластанған құдықтың үлкен көлемін және сұрыпталған материалға қойылатын көптеген талаптарды қанағаттандырады. Жалпы ереже бойынша, кәдеге жарату үшін арналған қираған әйнек сирек жағдайда ылғалды тазалауға ғана ұшырайды, бірақ сонымен бірге ашық аспан астындағы сақтау салдарынан ол жиі ылғалды болады. Сонымен қатар, әйнек қалдықтарының құрамында ұсақ материал, қағаз, металл және органикалық қалдықтар болады. Соңғы өнімді алу кезінде түсті түсініктерді ескеру керек, мысалы, ақ шыны бөлменің ашық-жасыл, керамикадан бөлінуі қағаз белгісі бар ақ шыныдан жасалған үзінділер және т.б. Осы талаптарды қанағаттандыру үшін сұрыптау процесі бірнеше кезеңге бөлінеді.



3-сурет. Еуропадағы коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу құны

Сонымен қорытындылай келе, қолданыстағы тәжірибе, қалпына келтіру және қайта өңдеу бағдарламаларының табысты болуы нәтижесінде қайта өңделген нарықтардың жағдайына байланысты. Қалдықтарды бөліп шығаруға ақша жұмсалатын болғандықтан, түпкілікті өнімді сату нарығы болғанда немесе полигонда қалдықтарды кәдеге жаратудың маңызды төлеміне жол бермейтін жағдайда ғана экономикалық тиімді болады.

Екінші шикізаттың бағаларын ескере отырып, өңдеу үшін нақты қандай ҚТҚ компоненттері жиналатынын, содан соң жалпы қатты тұрмыстық қалдықтарды жеке бөлуге арналған шаралар қабылдау басымдығын міндетті түрде анықтау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Концепция экологической безопасности Республики Казахстан на 2004-2015 годы: одобрена Указом Президента Республики Казахстан от 3 декабря 2003 года № 1241 //Справочно-правовая система Юрист, 2009 г. /отменена/

[2] Отраслевая программа «Жасыл даму 2010-2014жылы» (утверждена Постановлением Правительства Республики Казахстан от 10 сентября 2010 года № 924)

[3] Стратегический план Министерства охраны окружающей среды Республики Казахстан на 2011 – 2015 годы (утвержден постановлением Правительства Республики Казахстан

[4] Билитевски Б. Сжигание отходов: опыт Германии // Твердые бытовые отходы. - 2007. -№ 1. С. 47-49.

[5] Тугов А. Н. Киловатты из мусора // Твердые бытовые отходы. -2007. - № 1. С. 11-16.

[6] Шубов Л.Я., Ставровский М.Е., Шехириев Д.В. Технология отходов мегаполиса: Учебное пособие. М.: Наука, 2005.

[7] Иванов В.В. Рынок вторичных ресурсов // Материалы 4-го научно-методического семинара «Программы сокращения отходов: разработка и внедрение» 24-25 февраля 2000 г.

[8] Кенжегузин Б.Б., Кушумбаев А.Б., Морозникова М.В, Воробьева О.А. Ресурсосберегающие и экологически эффективные технологии в области управления отходами //Экологическая безопасность урбанизированных территорий в условиях устойчивого развития. Материалы международной научно-практической конференции, Астана, 2006, С.280-284.

[9] Тихоцкая И.С. Проблема бытовых отходов в Японии Современные решения Журнал, География №20 2007, Москва

[11] Гридэл Т.Е., Алленби Б.Р. Промышленная экология: Учеб. Пособие для вузов /Пер. сангл. Под ред. Проф. Э.В. Гирусова. М.: ЮНИТИ -ДАНА, 2004. 527 с.

[12] Кузнецов В.А., Крапильская Н.М., Юдина Л.Ф. Экологические проблемы твердых бытовых отходов. Сбор. Ликвидация. Утилизация. Учебное пособие - Москва: МИКХиС, 2005. 276 с.

Умбетбеков А.Т., Оразбаев А.Е., Оразбаева Т.Р., Муканова Г.А., Тюмалиев А. К. Сабыржан А.Т.

Создание зеленых принципов замкнутого производственного цикла без отходов

Резюме. В статье обсуждены актуальные вопросы по решению проблемных задач с исторически накопленными промышленными и бытовыми отходами, которая противоречит национальной политике перехода к «зеленой» экономике призванной к обеспечению экологической безопасности в стране через устойчивое использование ресурсов и повышения интереса к повторному использованию и утилизации отходов. Изучены ряд проблем сложившиеся ситуаций и в сельских округах в централизованных складах хранения агрохимических препаратов (ядохимикатов, пестицидов), могильников животноводческого производства, машиноремонтных станций и других обслуживающих предприятий.

Таким образом, рекомендованы ряд решений по созданию зеленых принципов замкнутого производственного цикла без отходов. В этой связи, изучены и проанализированы зарубежный опыт утилизаций отходов и деятельность предприятий по использованию вторичного сырья которые большей степени ориентируется на сбор и переработку бытовых отходов.

Ключевые слова: отходы, обезвоживание, загрязнение, окружающая среда, утилизация, переработка.

Umbetbekov A.T., Orazbaev A.E., Orazbaeva T.R., Mukanova G.A., Tumaliev A.K. Sabirjan A.T.

Creation of green principles for a closed production cycle without waste

Summary. The present article discusses topical issues in solving problem problems with historically accumulated industrial and domestic wastes that contradicts the national policy of transition to a "green" economy designed to ensure environmental security in the country through the sustainable use of resources and increasing interest in the reuse and recycling of waste. A number of problems have been studied in the rural districts in centralized warehouses for the storage of agrochemicals (toxic chemicals, pesticides), cattle-breeding facilities, machine-repair stations and other servicing enterprises.

Thus, a number of ideas for the creation of green principles for a closed production cycle without waste are recommended. In this regard, foreign experience in waste utilization and the activity of enterprises on the use of

secondary raw materials are studied and analyzed, which is more oriented towards the collection and processing of domestic waste.

Key words: drainage, dehydration, dusting, recirculation, utilization, utilization.

УДК: 543:665.7.

**¹Ш.С. Оспанова, ¹А.З. Нурмуханова, ²Л.А. Рахимжанова
¹А.А. Куйкабаева, ¹С.Б. Абдурайм**
(¹Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина
Астана, Республика Казахстан
²Казахский национальный университет им. аль-Фараби
Алматы, Республика Казахстан)

МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ БАЗАЛАРЫ МЕН ЖАНАРМАЙМЕН ҚАМТУ СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІН СЕРТИФИКАТТАУ

Түйін: Берілген мақала мұнай өнімдері базалары мен жанармаймен қамту станцияларының қызметтерін сертификаттауға арналған. Бұл жұмысты жоғарғы оқу орындарының студенттеріне, сала бойынша маманданатын магистранттарға, мұнай өнімдерін бөлшектеп тарату мекемелеріне нұсқаулық-анықтамалық ретінде қолдануға болады.

Түйін сөздер: мұнай өнімдері базалары, сертификаттау, бәсекеге қабілеттілік, жанармай.

Еліміздегі мұнай өнімдері базаларының мен жанармаймен қамту станцияларының жұмыс жасау сапасын арттыру мақсатында оларда көрсетілетін қызмет түрлерін сертификаттаудың рөлі мен оларға қойылатын талаптарды айқындау жұмыстың өзектілігін көрсетеді. Заманауи автокөлік – экологиялық емес көлік құралының үлгісі. Автокөлік, бір жағынан, атмосферадан оттегіні тұтынады, ал екінші жағынан, қоршаған ортаға, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне, сонымен қатар, адамға да әсерін тигізіп отырып, пайдаланылған газдарды, қартерлік газдарды, көміртегі тотығын, қорғасын тотығын бөліп шығарады.

Ғылым мен өркениет қаншалықты алға басып, дәстүрлі емес энергия көздері ойлап табылғанымен көлік құралдарының қозғалысында қазіргі уақытта жанармайдың рөлі алдыңғы кезекте тұрғаны рас. Елімізде осы тұрғыда жағар-жанармайға деген тұтынушылардың сұранысы жылдан жылға арта түсуде. Жанармаймен қамту станциялары мен мұнай өнімдері сақталатын базалар санының соңғы жылдарда күрт артуы осыған айқын дәлел бола алады.

Қазіргі таңда Қазақстанда шамамен 4300-ге жуық жанармаймен қамту станциялары шоғырланған. Еліміздегі олардың ірі тораптары мыналар: «ҚазМұнайГаз» – шамамен 280 ЖҚС және 37 мұнай өнімдері базалары, «Гелиос» – 250 ЖҚС және 14 мұнай базасы, «Sinooil» – шамамен 90 ЖҚС, 3 немесе 4 мұнай базасы, «Газпром нефть» – 30 ЖҚС, «Royal Petrol» – 36 ЖҚС. Бұдан басқа кішігірім тораптар мен шағын ЖҚС-лары да жетерлік. Алайда, мұндай қызмет көрсету орындарының саны артқанымен, олар тарататын өнім сапасының төмендеуі орын алуда [1-3].

Сонымен қатар, бәсекелестік жағдайындағы басты факторлардың бірі – жағар-жанармайдың сатылым бағасы. Өнім сапасы мен бағасы бірінші орында дей тұрғанымен қызмет көрсету сапасы мен деңгейі де айтарлықтай рөл атқарады. Шетелдік сарапшылардың жүргізген талдауына сүйенсек, өнім бағасының өзге жанармай түрлерінен қымбатырақ болғанына қарамастан, тұтынушылар беделді, қызмет көрсету деңгейі жоғары жанармаймен қамту станциясын таңдайтын көрінеді. Біздің елімізде де аталған жағдай басымдылық танытып келеді. Ал қызмет көрсету деңгейі мен сапасын анықтау, оның қойылған талаптарға сәйкестігін тексеру, ресми тану – сәйкестікті растау, сертификаттау рәсімі арқылы жүзеге асады. Сондықтан осы проблемалардың зерттеу нысаны ретінде жанармаймен қамту станциялары мен мұнай өнімдері базаларының қызметтерін сертификаттау таңдап алынды.

«ҚазМұнайГаз Өнімдері» АҚ компаниясы Қазақстан нарығындағы өз қызметін 2009 жылдың сәуір айында бастап, «ҚазМұнайГаз» жағар-жанар май станцияларының жүйесі мен мұнай өнімдері мен газдың көтерме-бөлшек саудасы үстінен толық қаржы және жедел бақылауын жүзеге асыра бастады.

«ҚазМұнайГаз» АҚ — «ҚазМұнайГаз — өңдеу және маркетинг» АҚ-ның 100% еншілес компаниясы. Компания «ҚМГ-Жайық» ЖШС, «ҚМГ-Астана» ЖШС және «ҚМГ-Алатау» ЖШС сияқты «ҚазМұнайГаз — өңдеу және маркетинг» АҚ еншілес ұйымдарының құрылымдарын оңтайландыру

нәтижесінде құрылған болатын. Бұл орайда «Shell Global Solutions» сараптамалық ұсыныстарын қоса алғанда, көтерме-бөлшек сауда жүйесін басқаратын вертикальды-біріктірілген халықаралық мұнай-газ компанияларының озық тәжірибесі ескерілген еді.

Мұнай өнімдерінің көтерме-бөлшек саудасымен айналысатын бірыңғай компанияны құру туралы шешімі «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ының Ұзақмерзімді стратегиясына сәйкес қабылданған болатын. Қайта құрылымдаудың мақсаты — нарық өзгерістері мен тұтынушылардың тілек-мұқтаждарына ілтипатпен және жедел жауап беруге қабілетті компанияны құру. Жаңа құрылым бизнес-процестерді едәуір жақсарту, шешімдерді қабылдау жолындағы мөлдірлікті арттыру, операциялық шығындарды қысқарту және қайталанатын басқарма қызметтерін жою мүмкіндігін берді [4-7].

Бүгінгі күні «ҚазМұнайГаз» бөлшек сауда жүйесі 305 жанармай құю станциясын (ЖҚС саны үнемі өзгеріп отырады), 6 АГҚС, 1 АГТКС және 6 мұнай базасын қамтиды. Дамудың стратегиялық жоспарында 2015 жылға қарай мұнай өнімдерінің қазақстандық бөлшек сауда нарығындағы өз үлесін 20%-ға дейін арттыру мақсаты тұр. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ бөлшек сауда жүйесінің тарихы 1999 жылы басталған болатын. Осы кезде алғашқы жағар-жанар май станциясы ашылған еді.

Компания қызметінің негізгі бағыттары: мұнай өнімдері мен газдың көтерме және бөлшек саудасы, сұйытылған газды сату, жанар-жағар май станцияларын, мұнай базаларын, газбен толтыру станцияларын, автокөліктік газбен толтыру компрессорлық станцияларды пайдалану және жөндеу, мұнай өнімдерін сақтау бойынша қызметтерді ұсыну.

«ҚазМұнайГаз Өнімдері» АҚ бензин тасушылар автопаркі 174 бірлікті құрайды. Компанияда АЖМС-ге мұнай өнімдерін жеткізу үшін қауіпті жүктерді тасу жөніндегі барлық талаптарға сай келетін Ресей шығарған қазіргі заманғы ең озат бензин тасушылары бар. Автоцистерналар тығыздығы 0,83 т/м³-ден аспайтын мөлдір мұнай өнімдерін тасымалдау, қысқа мерзімге сақтау және жанармай құю үшін арналған. Цистерналар ГАЗ, ЗИЛ, МАЗ, КАМАЗ автокөліктерінің шассилеріне орнатылады. АЦ зиян заттардың атмосфераға шығарылмауын болдырмайтын бұды пайдаға асыру жүйесімен жабдықталған, сондай-ақ, мұнай өнімдерінің төрт түрін жеткізуді бір мезгілде орындауға мүмкіндік беретін біреуден төртеуге дейін жекеленген герметикалық бөлікті қамтитын көп секциялы ыдыстармен жабдықталған.

От қауіпті жүктерді тасымалдау үшін жанармай құюшылар өрт қорғау құралдарымен жабдықталған. Бензин тасушылар үшін бензинді тасу немесе құю барысында цистернаның қабырғаларына жиналуы мүмкін статикалық электр өрісі үлкен қауіп туғызады. Шағын ұшқын бензин булары тұтанып, апатқа әкеп соқтыруы мүмкін. Осыны болдырмау үшін бензин тасуға арналған АЦ статикалық зарядты түсіруге мүмкіндік беретін арнайы жерге қосылған жүйемен жабдықталуы керек.

«ҚазМұнайГаз Өнімдері» АҚ-да ЖЖМ-ны сақтау Қазақстанның 11 аймағында 37 мұнай базасында жүзеге асырылады. Барлық мұнай өнімдерін сақтау базалары Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сай келеді. Мұнай өнімдерін қабылдау, сақтау, жіберу және есептеуге арналған ғимарат, құрылыс және коммуникация кешенінен тұратын қойма кәсіпорындары — мұнай өнімдерінің көтерме және бөлшектік сатудың технологиялық тізбесінің қажетті буыны.

Автокөлікке жанармай құю станциялары тиісті аумақтағы санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың мемлекеттік органдарымен келісіле жасалған жобаға сай, тұрғын үйлер құрылысының ық жағына орналастырылады. Нысанды орналастыру елді мекеннің бас жоспарын еске ала отырып орындалады. АЖҚС қала ішінде орналасқанда отын сақтайтын сыйымдылықтары жер астында орналасуы керек.

АЖҚС-тың аумағында келетін жолды, отынды құятын, автокөлікке қызмет көрсететін, отынды сақтауға арналған сыйымдылықтар, тазалау жүргізетін қондырғылар және басқа да заттар орналасатын орындарды қарастыру керек. Станция аумағы атқаратын қызметіне қарай мынандай аумақтарға бөлінеді: келетін жол, контейнерлер және қоқыс жинағыштар орналасатын аумақтарға; аумаққа автокөліктің келіп кетуін реттейтін сызбада, олардың орналасуы бөлек болып, қимыл 1 бағытта болуы керек. Аумаққа кіретін және шығатын жерлерде биіктігі 0,2 м болатын биік учаскелер қарастырылуы керек. АЖҚС-тің аумағы түнгі уақытта жарықтандырылуы керек.

АЖҚС-тың аумағы топырақты мұнай өнімдерімен ластанудан сақтайтындай қатты заттармен жабылуы керек.

АЖҚС автомагистраль бойында орналасқан жолдың автокөлік жүретін жерімен жанармай жіберетін колонкалардың немесе жер астындағы сыйымдылықтардың арасы бірінші категориялы жолдар үшін кем дегенде 25 м болып, ал басқа жолдар үшін 15 м кем болмауы керек. Жанар-жағармай

• Технические науки

құятын колонкалардан немесе оларға құйылған сыйымдылықтан адамдар жүретін жолдың қашықтығы 10м кем болмауы керек.

Тұрақты түрдегі АЖҚС осы кешенге жатпайтын ғимараттар мен үймереттердің арасындағы қашықтық мөлшері 1 кестеде көрсетілген [8].

Тұрақты ЖҚС 3 түрге бөлінеді: А түрі - резервуарларының жалпы сыйымдылығы 150 м³ дейін, тәулігіне 500-ден көп көлікке қызмет көрсетеді; Б түрі - резервуарларының жалпы сыйымдылығы 100 м³ дейін, тәулігіне 250-ден 500-ге дейін көлікке қызмет көрсетеді; С - резервуарларының жалпы сыйымдылығы 75 м³ дейін, тәулігіне 250-ге дейін көлікке қызмет көрсетеді.


1-кесте. Тұрақты ЖҚС-тың көрші ғимараттар мен үймереттерден орналасатын қашықтығы [8]

Ара қашықтығы анықталатын нысандардың атауы	ЖҚС-тың ара қашықтығы, м		
	А түрі	В түрі	С түрі
Өндірістің, өнеркәсіптің қоймалық және әкімшілік ғимараттары	12	12	12
Елді мекеннің қоғамдық ғимараттары мен тұрғын үйлер, сауда палаткалары мен дүңгіршіктері	50*	50*(25)	50*(25)
Адамдардың топтап жиналатын орындары (көлік тоқтайтын орын, базарлар, дүкендер)	50	50	50
Автокөліктерге арналған гараждар, ашық орындар	20	20	20
Орман шаруашылығы, талшықты материалдар, шөп, сабан жинайтын қойма	20	20	20
Орман тоғайлы жерлер: кылқан жапырақты, аралас жапырақты жапырақты түрлері	50 20	50 20	50 20
Автокөлік жолдары (жүретін бөліктеріне дейін): I категорияға, қалған категорияға	25 15	25 15	25 15
Бекеттердегі, разъездегі, платформадағы жалпы тораптағы теміржолдар (үйіндінің етегіне және шұңқырдың негізіне дейін)	25	25	25
АЖҚС-қа қарамайтын кәріздік тазалағыш қондырғылар (бұған кәріз жүйесіндегі құдықтар жатпайды)	20	20	20
Инженерлік құдықтар: су құбырлары, кәріз, газ құбырлары, байланыс, жылу жүйелері	20	20	20
АЖҚС жатпайтын су құбырларының қондырғылары (бұған су құбырларының жүйесіндегі құдықтар жатпайды)	25	25	25
А, Б, Г категориясына жататын сыртқы қондырғылар, радиоактивті, I-II қауіптілік сыныбындағы радиоактивті және зиянды заттар	100	100	100
Көрші жағар-жанармай құю станциялары	100	100	100

АЖҚС аумағында қызметкерлер қызмет атқаратын орын және тұрмыстық үй-жайлар қарастырылуы керек. Нысанның аумағында мынадай функционалдық аймақтар бөлінеді: өндірістік; әкімшілік-шаруашылық; көлік-қоймалық; қосалқы объектілер.

Өндірістік нысандарда 1 жұмысшыға келетін үлесті аудан кемінде 4,5 м², үй-жайдың биіктігі кемінде 3 м құрауы тиіс. Үй-жайлар көлемі микроклимат бойынша нормативтер талаптарын қамтамасыз ету қажеттілігіне сүйене отырып есептеу жолымен анықталады, бірақ кемінде 15 м³ болуы тиіс.

№2 ЖҚС операторлық ғимараттың норма мәндерімен қоса өлшемдері 3 кестеде берілген (1 сурет) [9].



1-сурет. «ҚазМұнайГаз» АҚ №2 ЖКС операторлық үй-жайының жоспары

3 кесте - Операторлық ғимараттың өлшемдері [9]

	Нормалық	Фактідегі
1 жұмысшыға келетін үлесті аудан	4,5 м ²	4,77 м ²
Үй-жайдың биіктігі	3 м	3 м
Үй-жайдың көлемі	15 м ³	72 м ³

Барлық жұмысшылар үшін жұмыс уақытында демалуға арналған үй-жайлар көзделуі тиіс. Өндірістік үй-жайларда тамақ сақтауға және ішуге жол берілмейді. Ғимарат ішіндегі жекелеген үй-жайлардың өзара орналасуы, егер бұл технологиялық үдерісті ұйымдастыруға қайшы болмаса, шикізаттың, аралық және дайын өнімдер мен бұйымдардың қайтарымды немесе қарама-қарсы қозғалысын болдырмайтын технологиялық ағынға сәйкес бөлінеді.

Республикамызда соңғы жылдары автокөлік қозғалысының тығыздығы салдарынан экология күрт нашарлап кетті. Бұл ахуал жағар-жанармай сапасына тікелей қатысты.

Қазіргі таңда отын сапасының сараптамасы кең таралған қызмет түрі болып табылады. Негізнен автокөліктің жақсы жұмыс қабілеттілігі оның негізгі түйіндерінің бұзылмауы мен дұрыс таңдалған жанармайға байланысты. Сапасыз өнім автокөліктің отын жүйесінің элементтерінің және қозғалтқыштың өзінің бұзылу қаупін тудырады. Күдікті жанармай станциясының өнімін тұтыну көліктің өмір сүру ұзақтығының қысқаруына себеп болады. Бензиннің төмен сапасы оның пайдалануын 15-20%-ға арттырады. Яғни, сапасыз жанармайды тұтыну – көліктің бұзылу себебі ғана емес, тұтынушыны шығынға ұшырататын әрекет десек болады.

Егер өнімнің төмен сапасы көліктің бұзылуына апарып соқса, жанармайдың зертханалық сараптамасына жүгініп өндіруші кінәсін дәлелдеуге болады. Жанармай сапасының сараптамасы оның құрамындағы қоспалардың түрін, тегін, құрамын анықтайтын көптеген зерттеулерден тұрады.

Отынның жану температурасының артуына әсер ететін заттарды да зертханалық сараптама арқылы анықтауға болады. Сонымен қатар, ол фракциялық құрамын, ароматты көмірсутектер, шайырлы заттар, бензол және күкірт құрамын анықтауға көмектеседі. Ықылассыз сатушылар (өндірушілер) жанармайдағы октан санын арттыру үшін әдетте жанармайға тетраэтилқорғасын, этил спирті және нафталин араластырады. Бұл заттар қозғалтқыш жұмысына айтарлықтай кері әсер етеді.

Бензиннің аса қауіпті жауы күкірт болып табылады. Одан арылу үшін біраз күш жұмсауға тура келеді. Бұл үшін жоғары технологиялар мен арнайы қондырғылар қажет. Сондай-ақ күкірт жану барысында су буымен және оттегімен реакцияға түсіп, нәтижесінде күкірт қышқылы түзілетіндігін ескеру қажет. Күкірт қышқылы қозғалтқыштың металл бөліктері мен бүкіл отын жүйесіне айтарлықтай зақымдайтын улы зат екені белгілі.

Күкірттен басқа ароматты көмірсутектер сияқты зиянды қоспалар бар. Олар да октан санын арттыруға қабілетті. Сонымен қатар олар автокөліктің пластамасса және резеңке бөліктерінің жемірілуіне әкеледі. Отындағы ароматты көмірсутектер үлесі норма бойынша 35 %-дан аспауы керек. Сондай ароматты көмірсутектердің бірі – бензол. Оның жоғарғы уыттылығы себебінен қозғалтқыштағы бензол мөлшерінің артуына жол беруге болмайды. Ол қозғалтқышта күйік түзеді.

Бензиннің жылдам булануына оңай қайнайтын көмірсутектер әсер етеді. Оларды фракциялық құрамына сараптама жасау арқылы табуға болады. Өз кезегінде бензин секілді отындардың фракциялық құрамы өте күрделі болып келеді. Онда қайнау температуралары әртүрлі көмірсутектер қатар кездеседі. Қазіргі уақытта бензин өндірушілері фракциялық құрамы алуан түрлі бензин өндіруді меңгерген. Мұндай құрам арқылы ауа-райының кез келген жағдайында автокөлік қозғалтқышының барынша тиімді жұмыс істеуіне қол жеткізіледі.

Отын сапасының сараптамасы тек қана зертханалық шарттарда жүзеге асырылуы тиіс. Сапалы сараптама жүргізу үшін ол барлық белгілі нормативтер мен стандарттарға сәйкес болуы қажет.

Жанармай сапасын қадағалау бойынша Халықаралық орталық (The International Fuel Quality Center, IFQC) әлемнің 100 елінде отын сапасына зерттеу жүргізді. Оның нәтижесі бойынша құрастырылған рейтингте Қазақстан құрметті 90-орынды иеленді. Онымен бірге 90 орынды Тәжікстан, Шри Ланка және Түркменстан бөліседі. Ал, бұл тізімнің көшін бұрынғыша Германия бастап келеді.

Жанармай сапасын қадағалау бойынша Халықаралық орталық - 1998 жылы Hart Energy Publishing LLP атты энергетика саласындағы әлемдегі ең ірі ақпараттық компанияларының бірінің бөлімшесі ретінде негізі қаланды. IFQC – бензиндегі күкірт құрамы бойынша көлік жанармайы сапасын талдауға маманданған қызмет. Бензин құрамындағы күкірттің көп мөлшері қоршаған ортаға зиян келтіреді. Неғұрлым отын құрамында күкірт көп жанса, соғұрлым пайдаланылған газ атмосфераға көп бөлінеді. Күкірт автокөліктің өзіне де зиян келтіреді [10].

Күкірттің жану өнімдері қозғалтқыштың ішкі тетіктеріне шөгіп қалады. Бензинмен бірге іште жиналған қақ та жана бастайды. Соның салдарынан жану камерасындағы отынның таралуы нашарлайды. Қозғалтқыш қуаты әлсірейді. Ал, оны қалпына келтіру үшін бензин көбірек мөлшерде қажет етіледі, яғни, отын шығыны да артады. Осы айналымның нәтижесінде және тетіктердің де, жалпы автокөліктің де қызмет ету мерзімі қысқарады [11].

Мұнай өнімдерінің сапасы зауыттан шыққан кезде белгілі талаптарға сәйкес келгенімен, тауар айналымында соңғы тұтынушыға жеткенше бастапқы қалпынан ауытқулар орын алады. Осылайша, еліміздегі ЖҚС отын сапасы «Евро-2» стандарт талаптарына сәйкес келеді дегенімен, іс жүзінде басқа жағдай байқалады. Сақтау, тасымалдау және мұнай базаларынан жеткізуде қажет етілетін бақылаудың болмауы салдарынан ЖҚС-да жанармайдың алуан түрлерінің араласуы, сапасының төмендеуі, автоматтор отындарына қоспалар қосу арқылы мұнай өнімдерінің фальсификациясы орын алады.

2012 жылғы тексеру нәтижелері бойынша жанармай шикізаттарының сапа көрсеткіштеріне қыруар сәйкессіздік фактілері анықталған. Мұнай өнімдерін жеткізу кезінде сәйкестік сертификаттарының болмауы, таңбалану талаптарының орындалмауы және сенімделмеген өлшеу құралдарын қолдану сияқты негізгі тәртіп бұзушылықтардың түрлері тіркелген. Аталған кемшіліктер мұнай базалары мен ықылассыз жұмыс жасайтын ЖҚС-ларына (жанармаймен қамту станцияларына) көлік құралдарының бұзылуына және адам денсаулығы мен экологияға қауіп төндіретін төмен сапалы жанармай өнімдерін таратуға жол береді.

2010 жылғы тексеру бойынша 45 құқық бұзудың 18-і, 2011 жылы – 27 құқық бұзудың 12-сі сапа бойынша орын алған. Ал 2012 жылы 277 мұнай өнімдерін жеткізетін мекемелерге тексеру жүргізіліп, 115 жағдайда (50,6%) құқық бұзушылықтар анықталды. Тексеру нәтижесі бойынша жағар-жанармайдың 294 млн. тг сомадағы 220 партиясына тиым салынды [12].

Сонымен қатар, «2010-2014 жж. Жасыл даму» бағдарламасы шегінде республика бойынша 300 ЖҚС жоспарлық мемлекеттік қадағалауға ұшырайды.

Комитет мәліметі бойынша, құқық бұзушылықтар фактілерінің көпшілігі Алматы, Қарағанды, Ақмола облыстары аумағында тіркелген. Негізгі құқық бұзушылықтар қатарына жеткізілетін бензин жанармайының октан санына, дизель отынының жарқыл температурасына сәйкес келмеуі орын алады.

Еліміздегі отын сапасының құқық бұзушылықтарынан мысал келтірейік: 2012 жылы Астана қаласындағы «Гелиос» маркалы («Гелиос» ЖШС) жанармай құю станциялары мемлекеттік инспекторлар тексеруінен өтті. Сынақтар нәтижесі бойынша АИ-98 маркалы бензин «Детонациялық тұрақтылық» көрсеткіші бойынша сәйкес келмейді: октан саны 98-ден кем емес нормасында мәні 97,5, ал АИ-95 октан саны 95-тен кем емес нормасында мәні 94,5 құрады.

«Royal Petrol» ЖҚС торабында АИ-98 маркалы бензиннің октан саны 96,5 көрсетті – бұл АИ-96 маркасына жатуы тиіс. Ал АИ-96 үлгісінде октан саны 93,3 және 91,6 көрсетті. «SID-нефть» ЖҚС торабында октан саны 55,5 және 73,0 бензин жоғары октанды бензин ретінде таратылды [13].

«Мұнай өнімдері сараптамасының тәуелсіз орталығы» ЖШС директоры Ақмарал Қалмұратованың айтуынша, «Газпром нефть-Казakhstan» ЖШС ЖҚС торабы Еуро-4, Еуро-5 класты бірінші орындағы жағар-жанармайды Ресейден әкеледі. Екінші орында – «Sinooil» ЖҚС торабы. Компанияның өзінің Қытайдан жеткізілетін АИ-93 және АИ-97 маркалы бензиндері туралы жақсы пікірлері бар. Ал, «ҚазМұнайГаз Өнімдері» АҚ екі қазақстандық зауыттың Еуро-2 классты отынын пайдаланады. Бұл компаниялар отын сапасын барлық кезеңдерде (қабылдау, сақтау және өткізу кезінде) жүйелі түрде қадағалайды және зертхананың ескертулеріне жедел түрде жауап қайтарады. Сондықтан, отын сапасының бүтіндігі қамтамасыз етіледі.

Аталмыш компаниялардың тұрақты, бұзылусыз жұмыс істеуінің себебі – тұрақты отын жеткізушілерінің болуында. Басқа ЖҚС-лары жеткізушілерін үнемі алмастырып отырады. Бұл жағдай отын сапасына әсер етуіне жиі себеп болады. Сараптама орталығының зертханасының мәліметтері бойынша, Алматы қаласындағы жанармай станцияларының арасындағы ең нашар көрсеткіш «Аррорана» ЖШС-ның «ENERGY» автожанармай құю станцияларының торабына тиесілі.

Сараптама орталығында отынның стандарт талаптарына сәйкессіздігі әсіресе, жылдың басында анықталатынын атап өтті. Жыл соңына қарай құқық бұзушылықтар саны азаяды. Бұл - Алматы қаласының Табиғи ресурстарды және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының ЖҚС-да отын сапасын жүйелі түрде мониторинг жүргізуі нәтижесі. Сонымен қатар қала сыртында орналасқан ЖҚС отын сапасы көрсеткіштері төмен болады. Сараптама орталығының сарапшысы қаладағы және қала сыртындағы бір ЖҚС торабының сапасы әртүрлі болатын жағдайлар да орын алатындығын айқындады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] ИСО 8402:1994 «Управление качеством и обеспечение качества. Словарь».
- [2] ҚР СТ 3.5-96 «ҚР МСЖ. Көрсетілетін қызметтерді сертификаттау. Негізгі ережелер».
- [3] Самсаев М. Өзара ауыстырымдылық, стандарттау, сертификаттау негіздері және техникалық өлшеу. Сапа менеджменті: оқу құралы. - Алматы: Бастау, 2008. - 262 б.
- [4] Грозный Г. А., Вашуркин Ю. Б. Строительство нефтебаз и автозаправочных станций. - М.: Недра, 1980. – С. 142.
- [5] Келесов А. А бензин-то ненастоящий // Вечерний Алматы. - 2011. - №29. – С. 8.
- [6] Тугунов П.И., Новоселов В. Ф., Коршак А. А. и др. Типовые расчеты по проектированию и эксплуатации нефтебаз и нефтепроводов: учеб. пособие для вузов. – Уфа: Дизайн – Полиграф Сервис, 2002. – 658 с.
- [7] ҚР СТ 3.32-2003 «ҚР МСЖ. Мұнай өнімдері базалары мен автокөліктерге жанармай құю станцияларының қызмет көрсетулерін сертификаттау тәртібі».
- [8] Қазақстан мұнай энциклопедиясы. - Алматы: «Мұнайшы», 2005. - Т.2. – Б.
- [9] <http://www.azskmg.kz/about/history.php> «ҚазМұнайГаз Өнімдері» АҚ электронды ақпарат көзі.
- [10] Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. «Өндірістік мақсаттағы ғимараттарға және құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы: 17 қаңтар 2012 жылы бекітілген, №93.
- [11] Қазақстан Республикасы. ҚР Заңы. Өрт қауіпсіздігі туралы: 22 қараша 2006 жылы қабылданған.
- [12] «Мұнай базалары мен автожанармай құю станцияларының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті. Руководство для операторов заправочных станций и автогазозаправочных станций АО «ҚазМұнайГаз Өнімдері».
- [13] Kasyuk Yu.M., Druzhinin O.A., Buryukin A.F., Lepikhin A.M., Tverdokhlebov V.P., Buryukin F.A. Production safety as priority for a successful enterprise // Науч.-техн. жур. «Мир нефтепродуктов». – 2009. - №2. – С. 12-13.

Оспанова Ш.С., Нурмуханова А.З., Рахимжанова Л.А., Куйкабаева А.А., Абдурайым С.Б.

Сертификация услуг баз нефтепродуктов и автозаправочных станций

Резюме: Данная статья посвящена изучению правил сертификации баз нефтепродуктов и АЗС. Эта работа может быть использована в качестве путеводителя для студентов высших учебных заведений, магистрантов, специализирующихся в данной отрасли, и дистрибьюторов нефтепродуктов.

Ключевые слова: базы нефтепродуктов, сертификация, конкурентоспособность, бензин.

Ospanova Sh. S., Nurmukhanova A.Z., Rakhimzhanova L.A., Kuykabayeva A.A., Abduraim S.B.

Certification of services of bases of oil products and refueling stations

Summary: This article is devoted to the study of rules for certification of petroleum products and filling stations. This work can be used as a guide for students of higher education institutions, undergraduates specializing in this field, and distributors of petroleum products.

Key words: petroleum products bases, certification, competitiveness, gasoline.

УДК:620.9:005:006

**Ә.С. Асқарова, С.Ә. Бөлегенова, С.Ә. Бөлегенова, Ж.Қ. Шортанбаева, Ш.С. Оспанова,
А.З. Нурмуханова, М.Т. Бекетаева, А.М. Максұтханова, Е.Ж. Тезекбай**
(Казахский национальный университет им. аль-Фараби
Алматы, Республика Казахстан)

**ЭНЕРГОМЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЭНЕРГИЯ
РЕСУРСТАРЫН ТҰТЫНУДЫ СТАТИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ**

Түйін: Берілген мақалада энергоменеджмент жүйесін қалыптастырудағы маңызды параметрлерге талдау жүргізілген. Энергия тиімділігінің индикаторлары мен олардың құжаттарда көрсетілуі, кәсіпорынның энергоменеджмент жүйесін жүргізудегі басты шарттар, статистикалық талдау кезінде есептеуге тиісті өзекті көрсеткіш туралы айтылған. Нақты кәсіпорын «Кока-Кола Алматы Боттлерс» компаниясының мысалында энергоменеджмент жүйесіне жүргізілген статистикалық талдау нәтижелері келтірілген.

Түйін сөздер: энергоменеджмент, энергия тиімділігінің индикаторлары, энергия ресурстары, ынталандыру, статистикалық талдау.


Қазақстан Республикасының «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру» Заңына сәйкес жылына 1500 және одан да жоғары тонна шартты көлемдегі энергоресурстарды тұтынушы жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар, сонымен қатар мемлекеттік мекемелер мен субъектілер энергоменеджмент жүйесі жұмысын қалыптастырып, оның қызметін ұйымдастыруы тиіс. ISO 50001 стандарты энергоменеджмент жүйесіне талаптар қоя отырып, оның негізінде ұйым энергетикалық саясатты жасап, бейімдей алады, алдына мақсаттар қойып, заңнамалық талаптар мен ақпараттарға жүгіне отырып, шаралар жоспарын ұйымдастырады.

ISO 50001 стандарты – ISO 9001 сапа стандарты мен ISO 14001 экология стандарттарымен қоса базалық болып саналатын энергияны басқару құралы ретіндегі жаңа стандарт. Ол біртегізде жоспарлы және үздіксіз түрде энергияны тұтынуды азайтуды, қоршаған ортаға қойылатын жүктемені кемітуді және қаржылық артықшылықтарға қол жеткізуді көздейді. 2011 жылдың 28 қаңтарындағы Елбасының халыққа жолдауына сәйкес Энергияны саналы және тиімді тұтыну саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың негізгі құралы ретінде 2015 жылға дейін жоспарланған энергия үнемдеудің Кешенді жоспары қолданылады. Кешенді жоспарда ҚР ішкі салық өтінімін 10%-ға дейін азайтуға мүмкіндіктер қарастырылған.

Энергия ауқымды өнеркәсіптік кәсіпорындарға энергоаудит жүргізу және энергия үнемдеудің мақсатты индикаторларын анықтау көзделуде. Сонымен қатар аталған шарттарға сәйкес мемлекеттік-жекеменшік серіктестерді жетілдіру үшін нормативтік-құқықтық базаны жақсарту және энергия үнемдеу жобаларына жеке инвестицияларды тарту, сонымен қатар сәйкес мамандарды даярлау көзделуде. 1997 жылдың 25 желтоқсанында қабылданған «Энергия үнемдеу туралы» Заңы қазіргі күннің экономикалық және ұйымдастырушылық талаптарына сәйкес келмейді. Индустрия және жаңа технологиялар Министрлігімен «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Заңы 2012 жылдың 13 қаңтарында қабылданды [1-3].

Бүгінгі күні энергетикалық тиімділік мәселесі халықаралық саясатта да, біздің Қазақстанның барлық салаларында энергия үнемдеу және энергия тиімділікті көтеру қазіргі уақытта энергетикалық, экологиялық және экономикалық сияқты өзекті сұрақтарды шешуге мүмкіндік беретін маңызды мәселе болып отыр. Қазіргі уақытта энергия үнемдеу мен энергия тиімділік сауалдарына көптеген елдердің басшылары ерекше көңіл бөліп отыр. Бұл қысқа уақыт аралығында энергия үнемдейтін технологиялар саласында нормативтік құқықтық базаны (заңдар, қаулылар, мемлекеттік бағдарламалар, стандарттар және т.б.) жасау мен бейімдеуден көрініс табады. Ресми статистикалық

мәліметтерге жүгінсек, жершарындағы адам саны күн санап артуда, оның есесіне өнеркәсіп пен ауал шаруашылығы да өркендеуде. Олардың өндіріс құрылымында энергия ресурстарын қолдану ерекше орын алады (бензин, дизель отыны, көмір, газ, электр энергиясы және т.б.). Бұл өз кезегінде табиғат ресурстарының қысқаруына әсер етеді, қоршаған ортаның ластануына алып келеді. Аталған шарттар сақталып қалған ресурстардың динамикасында тіршілік жағдайының төмендеуіне, сырқаттарға, адамдардың өмірден ерте қайтуына алып келеді. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтеріне сәйкес экология адам денсаулығына әсер ететін факторлардың ішінде 20%-ын алады екен (1 сурет) [4].



1-сурет. Адам ағзасына әсер ететін факторлардың пайыздық үлесі

Энергетикалық ресурстар дегеніміз артылғаны қазіргі уақытта қолданылатын немесе шаруашылық және қызметтің басқа түрлерінің болашағында қолданылуы мүмкін табиғи және туынды энергия тасымалдаушылар жиынтығы, сонымен қатар энергия түрлері (атомдық, электрлік, химиялық, электромагниттік, жылулық және т.б. энергия түрлері). Энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану – энергетикалық ресурстарды қолданудың техникалық мүмкін және экономикалық ақталған тиімділігіне жету.

Энергоаудит (энергетикалық аудит) дегеніміз пайдаланылатын ресурстарды тұтыну туралы, энергия тиімділік көрсеткіштері, мүмкіндікті бағалау және энергия үнемдей потенциалы және энергия үнемдеу мен энергия тиімділікті көтеру бойынша ұсыныстарды дайындау туралы сенімді ақпарат алу мақсатында энергетикалық ресурстарды пайдалану туралы мәліметтерді жинау, өңдеу және талдау. Энергия үнемдейтін құрал-жабдықтар – қол жеткізілген деңгеймен салыстыру арқылы энергетикалық ресурстарды пайдаланудың тиімділігін көтеруге мүмкіндік беретін құрал-жабдықтар.

Энергия тиімділік инженерия, экономика, экология, юриспруденция және социология ғылымдарымен бірдей жікте тұратын білім саласы болып табылады. Энергия үнемдеу алты ірі сфераға топталған:

1. энергияның балама көздерін пайдалану;
2. жайлар, транспорттық құралдар мен өндірістік нысандардың энергия тиімділігі;
3. пайдалы қазба отындарын пайдаланудың экологиялық таза технологиялары;
4. көміртек диоксидін алу;
5. жаңартылатын энергияның көздері;
6. Халықаралық ынтымақтастықты күшейту.

Заманауи сатыда энергия үнемдеудің негізгі үш бағытын атап өтуге болады:

- энергетикалық шығындарды пайдалы қолдану (утилизация);
- энергия шығындарын азайту мақсатында құрал-жабдықтарды жетілдіру;
- қарқынды энергия үнемдеу.

Энергия тиімділігінің индикаторы, EnPI (energy performance indicator): ұйыммен анықталған энергия тиімділігінің сандық көрсеткіші немесе өлшемі. Ұйым мониторинг және оның энергия тиімділігін өлшеу үшін ыңғайлы EnPIs энергия тиімділігінің көрсеткіштерін анықтауы керек. EnPIs анықтау және жаңарту әдістемесі құжатталуы және периодты түрде қайта қарастырылуы керек. EnPIs

қайта қарастырылуы керек және сәйкесінше энергия тұтынушылықтың базалық деңгейімен салыстырылуы керек.

Энергия тиімділігінің индикаторлары EnPIs қарапайым параметр, қарапайым коэффициент немесе күрделі үлгі болып табылуы мүмкін. EnPIs мысалдары уақыт бірлігіне энергияны тұтыну, өнім бірлігіне энергияны тұтыну және көпнұсқалы үлгілерден тұруы мүмкін. Ұйым олардың жұмыстарының энергия тиімділігі туралы ақпаратты беретін және сәйкесінше EnPIs сәйкестігіне әсер ететін шаруашылық қызмет немесе негіздер өзгерген кезде EnPIs-ті жаңарта алатын EnPIs көрсеткіштерін таңдай алады.

Қазіргі уақытта энергия тиімділігі мәселесі Қазақстан үшін өзекті болып отыр. Бұл энергия сиымдылығының жоғары деңгейімен, әлеуметтік-экономикалық даму талаптарымен, экономиканың модернизациясымен, өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттілігімен және қоршаған ортаның ахуалын жақсарту талаптарымен түсіндіріледі. Егер Қазақстан халқы арасынан әлеуметтік сауалнама жүргізетін болса, онда оның айтарлықтай бөлігі энергия тиімділігі туралы хабардар екенін ұғамыз.

Әлемдік және еліміздің тәжірибесіне жүгіне отырып, энергия тиімділігі индикаторларын бағалау мен өлшеудің бірқатар әдістерін қарастыруға болады. Аталған индикаторлар мынадай мәселелерді шешу үшін қолданылады. Мақсаттарды анықтау; мөлшерлік нұсқадағы орнықты дамуға көшу үшін әлеуметтік-экономикалық саясаттың нақты мақсаттарын анықтау; болашақ даму үшін стратегияларды анықтау; болашақ жасалатын шаралардан болатын оң нәтижелерді болжау.

Қазіргі уақытта көптеген кәсіпорындар даму және бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында қайта құру, жаңарту, техникалық қайта қарулану мен энергия үнемдеумен бағдарламалар мен энергия тиімді технологияларды бейімдеу бойынша көптеген бағдарламаларға таңдау жасап жүр. Оларды бейімдеу үшін сапалы энергоаудит жүргізіп қана қоймай, энерготалдау жасап, жеткілікті жақсы энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыратын бағдарламаларды құрастыру қажет. Ол үшін мәліметтердің мониторингінің, бақылау мен өңдеудің сауатты жүйесін қалыптастыру қажет.

Энерготехнологиялық тиімділік индикаторлары – энергия үнемдейтін шараларды бейімдеудің айнасы және энергияны басқару бойынша шешімдерді жасау құралы. Кәсіпорынның әрбір деңгейінде осы индикаторлар болуы тиіс. Мысалы, ірі холдинг ішінде индикаторлар басқарушы компания деңгейінде, жеке кәсіпорында нақтыландырылған индикаторлар болуы тиіс. Кәсіпорын деңгейінде басқару мәселесі бұл – энерготехнологиялық тиімділікті жетілдіру, яғни, өндірістік-технологиялық процестердің тиімділігін арттыру, нақты нысандардағы энергия ресурстарын тұтынуды азайта. Мысал ретінде өндірілген өнімнің тоннасына шаққандағы электр энергиясының шығынының меншікті нормасын келтіруге болады. Осы деңгейден соң қаржылық көрсеткіштер бір саты жоғары тұрады. Оның құрамына энергияға жұмсалатын шығынды азайту, шекті өнімнің өзіндік құнындағы энергияға жұмсалатын шығынның үлесін азайту жатады.

Индикаторлар жүйесін тек ресми құжат түрінде ғана емес, сонымен қатар оның пайдасы болатындай етіп жинақтау қажет.

Қазақстанда барлық «Кока-Кола» жүйесінде шамамен 400 адам жұмыс жасайды. Компанияның қызметінен мультипликативтік әсерді есепке алып республикада өндірістің іргелес салаларында қосымша жұмыс орындары құрылуда. 2003 жылы сәуірде «Кока-Кола» «Piko» брендин сатып алуға «ФудМастер» компаниясымен келісім-шартқа отырды. Өткен жылдың шілдесінен бастап, бірнеше реструктуризация жүргізілгеннен кейін «Кока-Кола» компаниясының мамандары «Piko» сусындарын жеткізу мен өндіру процестерін бақылауға кірісті. «Кока-Кола» жұмыс жасайтын әрбір елде ол азық-түлік өнімдерін өндіру мен маркировкалауды реттейтін жергілікті заңдармен де, сапаны басқарудың арнайы жүйесімен бекітілген жеке қатал стандарттармен де сақталады.

Қалыпты таралған генерал жиынтық іріктемелері бойынша алынған екі орташаны өзара салыстыру үшін Стьюдент немесе f критерийі қолданылады. Екі кездейсоқ іріктемелер берілсін: x_1, x_2, \dots, x_{n1} және y_1, y_2, \dots, y_{n2} . Бірінші іріктеме қалыпты таралған генерал жиынтықтан m_x және σ_x^2 параметрлерімен, ал екіншісі – генерал жиынтықтан m_y және σ_y^2 параметрлерімен алынған. Іріктемелер бойынша осы параметрлер үшін бағалаулар алынған: \bar{x} , s_x^2 және \bar{y} , s_y^2 . Нөлдік гипотезаны тексеру талап етіледі: $\sigma_x^2 = \sigma_y^2 = \sigma^2$ шарты бойынша $m_z = m_y$. Кездейсоқ шаманы қарастырайық:

$$z = \bar{x} - \bar{y}. \quad (1)$$

Қалыпты таралудың сызықтық қасиеті бойынша z мына параметрлермен қалыпты таралған:

$$m_z = m_x - m_y, \quad (2)$$

$$\sigma_z^2 = \sigma_x^2 + \sigma_y^2 = \frac{\sigma_x^2}{n_1} + \frac{\sigma_y^2}{n_2} = \sigma^2 \left(\frac{1}{n_1} + \frac{1}{n_2} \right). \quad (3)$$

Стандартты қалыпты таралуға ие нормаланған кездейсоқ шаманы құрайық:

$$\frac{z - m_z}{\sigma_z} = \frac{(\bar{x} - \bar{y}) - (m_x - m_y)}{\sigma \sqrt{\frac{1}{n_1} + \frac{1}{n_2}}}. \quad (4)$$

Егер бас стандартты σ іріктемелікпен ауыстырса, Стьюдент таралуына ие шама пайда болады:

$$t = \frac{(\bar{x} - \bar{y}) - (m_x - m_y)}{s \sqrt{\frac{1}{n_1} + \frac{1}{n_2}}}, \quad (5)$$

мұндағы еркіндік дәрежесі f , ол $f = n_1 + n_2 - 2$ -ге тең.

s_x^2 және s_y^2 іріктемелік дисперсияларының біртектілігін Фишер критерийі бойынша тексеруге болады. $\beta = 1 - p$ сенімділік ықтималдығы кезінде $m_x - m_y$ айырмасы үшін екі жақты бағалауға ие боламыз [3]:

$$\bar{x} - \bar{y} - t_{1-p/2^s} \sqrt{\frac{1}{n_1} + \frac{1}{n_2}} \leq m_x - m_y \leq \bar{x} - \bar{y} + t_{1-p/2^s} \sqrt{\frac{1}{n_1} + \frac{1}{n_2}} \quad (6)$$

немесе біржақты бағалау:

$$m_x - m_y \leq \bar{x} - \bar{y} + t_{1-p^s} \sqrt{\frac{1}{n_1} + \frac{1}{n_2}}, \quad (7)$$

$$m_x - m_y \geq \bar{x} - \bar{y} - t_{1-p^s} \sqrt{\frac{1}{n_1} + \frac{1}{n_2}}. \quad (8)$$

$m_x = m_y$ нөлдік гипотеза және теңсіздік жағдайында жоғарыдағы екі теңдеу осы гипотезаның тексеру критерийін береді. Нөлдік гипотеза екіжақты критерий кезінде жоққа шығарылады, егер:

$$|\bar{x} - \bar{y}| \geq t_{1-p/2^s} \sqrt{\frac{1}{n_1} + \frac{1}{n_2}}, \quad (9)$$

Біржақты критерий кезінде, егер:

$$|\bar{x} - \bar{y}| \geq t_{1-p^s} \sqrt{\frac{1}{n_1} + \frac{1}{n_2}}. \quad (10)$$

Егер бас дисперсиялар σ_x^2 және σ_y^2 өзара тең болмаса, келтірілген критерийлерді қолдануға болмайды. Бұл жағдай үшін екі орташаны салыстыруға бірнеше шамалас критерийлер бар. $n_1 = n_2 = n$ кезінде шамалас t -критериймен қолдануға болады:

$$t = \frac{(\bar{x} - \bar{y})\sqrt{n}}{\sqrt{s_x^2 + s_y^2}}. \quad (11)$$

Еркіндік дәрежесінің сан мәні мынаған тең:

$$f = \frac{n-1}{c^2 - (1-c)^2}, \quad (12)$$

бұл жерде

$$c = s_x^2 / (s_x^2 + s_y^2). \quad (13)$$

Егер s_x^2 еркіндік дәрежесі саны $f_1 = n_1 - 1$ -ге тең, ал s_y^2 $f_2 = n_2 - 1$ -ге тең болса, онда басқа шамалас критерийді қолдануға болады. Мына қатынасты есептейік:

$$\nu_1 = s_x^2 / n_1, \nu_2 = s_y^2 / n_2. \quad (14)$$

Енді $t_{1-p/2}(f_1)$ және $t_{1-p/2}(f_2)$ квантильдерін табайық. Мына шаманы есептейік:

При работе с InfoSphere Warehouse создание поведенческо-демографической модели в целях анализа данных о покупателях для понимания моделей их поведения предусматривает использование исходных данных SQL, основанных на информации о транзакциях, и известных параметров покупателей с организацией этой информации в заранее определенную табличную структуру. Затем InfoSphere Warehouse может использовать эту информацию для интеллектуального анализа данных методом кластеризации и классификации с целью получения нужного результата. Демографические данные о покупателях и данные о транзакциях можно скомбинировать, а затем преобразовать в формат, который допускает анализ определенных данных.

Во время анализа требований к системе основное внимание уделялось выяснению того, что должно быть сделано, вне зависимости от того, как это сделать. На этапе разработки системы решается вопрос, как реализовать решения, принятые на этапе анализа. Сначала разрабатывается общая структура (архитектура) системы. Архитектура системы определяет ее разбиение на модули, задает контекст, в рамках которого принимаются проектные решения на следующих этапах разработки. На рисунке 1 подробно показана общая архитектура системы электронного архива.




Рис. 1. Общая архитектура системы электронного архива

В исследовании мы берем место хранения данных КазНУ, как распределенные хранилища данных. При большом объеме данных и количестве пользователей мощности одного сервера может быть недостаточно. В этом случае нагрузка может быть перераспределена между несколькими файл-серверами и сервером базы данных. Распределение документов по нескольким хранилищам позволит сбалансировать нагрузку на сервера, сеть, увеличить максимальный объем хранимых данных, повысить отказоустойчивость системы в целом и снизить стоимость хранения. Хранилище данных SQL полностью интегрировано со службами SQL Server Analysis Services, Integration Services и Reporting Services.

Проектирование системы выполнялось с использованием унифицированного языка моделирования UML. Описание архитектуры системы приводится в нотации UML, и включает в себя описание диаграмм вариантов, диаграмму последовательностей, компонентной диаграммы, диаграммы класса и деятельности. Предполагается работа одного пользователя, который может вводить и модифицировать исходные данные (с использованием табличного процессора Ms-Excel).




Рис. 2. Диаграмма последовательностей электронного архива

• Физико-математические науки

Диаграмма последовательностей отображает взаимодействие объектов в динамике, описывающей поведенческие аспекты системы, но рассматривает взаимодействие объектов во времени. На рисунке 2 на диаграмме последовательностей показан процесс последовательных действий со стороны аналитика, админа и пользователя в электронном архиве.

Наша система представляет собой совокупность моделей логического и физического уровней, которые должны быть согласованы между собой. Компоненты связываются через зависимости, когда соединяется требуемый интерфейс одного компонента с имеющимся интерфейсом другого компонента. Таким образом иллюстрируются отношения клиент-источник между двумя компонентами. В языке UML для физического представления моделей систем используются диаграммы компонентов. Такая диаграмма компонентов показана на рисунке 3.




Рис. 3. Диаграмма компонентов UML электронного архива

Также, подробно описываем структуру нашего электронного архива, с помощью диаграммы классов (рисунок 4). Они являются одной из форм статического описания системы с точки зрения ее проектирования, показывая ее структуру.




Рис. 4. Диаграмма классов

И чтобы показать жизненный цикл всех процессов в электронном архиве мы используем диаграмму деятельности (рисунок 5). Именно на диаграмме деятельности представлены переходы потока управления от одной деятельности к другой. Это, по сути, разновидность диаграммы состояний, где все или большая часть состояний являются некоторыми деятельностями, а все или большая часть переходов срабатывают при завершении определенной деятельности и позволяют перейти к выполнению следующей. Она может быть присоединена к любому элементу модели, имеющему динамическое поведение. В нашей диаграмме деятельности, показывается процесс запроса пользователя на поиск, скачивание или загрузку нужных документов в электронном архиве, и все эти процессы и запросы у нас делаются с помощью нашего администратора.




Рис. 5. Диаграмма деятельности

Дальше, идет изучение наших данных, согласно интеллектуальному анализу данных. Мы изучаем наши данные с помощью алгоритма кластеризации. Кластеризация — это задача более сложная, особенность кластеризации заключается в том, что классы объектов изначально не predetermined. Результатом кластеризации является разбиение объектов на группы. С помощью кластеризации средства интеллектуального анализа самостоятельно выделяют различные однородные группы данных.

Алгоритм кластеризации можно задать с помощью параметра *CLUSTERING_METHOD*. По умолчанию используется масштабируемая максимизация ожидания.

CLUSTERING_METHOD. Указывает метод кластеризации, используемый алгоритмом иерархического кластерного анализа.

- 1) Каждый объект — кластер.
- 2) Выбирает два кластера, расположенных ближе всего друг к другу и объединяет их.
- 3) Повторяет шаг 2. . . пока не объединит все кластеры.

Строим дендрограмму (рисунок 6) для остановки объединения.

Также используем алгоритм кластеризации последовательностей, который находит самые распространенные последовательности и выполняет кластеризацию для поиска идентичных последовательностей.




Рис. 6. Дендрограмма метода кластеризации

Далее для кластерного анализа используем метод ближайшего соседа. Метод ближайшего соседа (The nearest-neighbor method) классифицирует данные на основе аналогичных в предыдущих периодах. Аудиторы могут использовать этот подход для определения интересующего их документа и «попросить» систему выполнить поиск похожих элементов.

Следующий этап анализа наших данных является построение моделей. Знания, полученные при выполнении предыдущего этапа, помогут определить и создать модели. Разработчик определяет столбцы данных, которые должны быть использованы, путем создания структуры интеллектуального анализа данных. Структура интеллектуального анализа связана с источником данных, но не содержит никаких данных до обработки. Во время обработки структуры интеллектуального анализа службы Analysis Services создают статистические выражения и другие статистические данные, которые могут использоваться в анализе. Эти данные могут использоваться любой моделью интеллектуального анализа данных, которая основана на этой структуре. Модель интеллектуального анализа данных (рисунок 7) перед обработкой структуры и модели является просто контейнером, который задает столбцы, используемые для входных данных, прогнозируемый атрибут и параметры, управляющие алгоритмом обработки данных. Новую модель можно определить с помощью мастера интеллектуального анализа данных в среде SQL Server Data Tools или с помощью языка расширений интеллектуального анализа данных.




Рис. 7. Структура моделей интеллектуального анализа архивных данных

Службы AnalysisServices предоставляют конструктор создания модели.

Эти модели можно определить с помощью мастера интеллектуального анализа данных в среде BI DevStudio или с помощью языка *DMX*. Модели созданы, чтобы для сравнения результатов и выбора наилучшей пути поиска.

В MS SQLServer 2008 службы AnalysisServices предоставляют средства, упрощающие разделение данных.

Конечным этапом нашего интеллектуального анализа является развертывание. *Конечный пользователь*, в ответ на сформированный *запрос*, будет получать результаты анализа в виде отчета. При формировании отчетов о результатах проведенного анализа могут использоваться возможности службы SQLServer ReportingServices.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Чубукова И. А. Data Mining: учебное пособие . —Лаборатория знаний, 2006.
- [2] Кречетов Н.. Продукты для интеллектуального анализа данных. — Рынок программных средств, № 14–15, 1997
- [3] Дюк В., Самойленко А. Data Mining. Издательский дом "Питер". СПб, 2001.
- [4] Пескова, О.В. Методы автоматической классификации текстовых электронных документов / О.В. Пескова // Научно-техническая информация. Серия 2: Информационные процессы и системы. – 2006.
- [5] Певченко С. С. Методы интеллектуального анализа данных // Молодой ученый. — 2015. — №13.

Бахытжан М.Ғ., Беделбаев А.Ә.

Microsoft компаниясының SQL Server for tools 2012 негізінде ҚазҰУ құжаттар сақтау жүйесінде мұрағатты деректерді интеллектуалды анализдеу

Түйіндеме: Бұл мақалада мұрағаттық деректертерді интеллектуалды талдау әдістері және оларды ҚазҰУ құжаттарды сақтау жүйесі мысалында, SQL Server-Tools базасында ҚазҰУ қолдану мүмкіндігі қарастырылған. Математикалық (нейрожүйелік тәсілде негізделген) және ақпараттық (UML тіліндегі) жүйенің моделдері келтіріледі және қазіргі заманғы кластерлеу алгоритмдері (шешімдер ағашы, логистикалық регрессия, нейрондық желілер) көмегімен шешіледі. Осы еңбекте салынған модельдер класын сипаттау және сапасын бағалау келтіріледі. Мақалада сипатталған әдістемелер оны қолдану бойынша деректерді талдауы айтарлықтай рәсімдеуге және оған жұмсалынатын ресурстарды қысқартуға мүмкіндік береді. Өзірленген жүйе анықталған өлшемдер мен санаттар бойынша мұрағаттық деректертердің интеллектуалды талдауының қолдану тиімділігінің деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: деректерді интеллектуалды талдау, машиналық оқыту, топтастыру, кластерлеу, құжаттарды сақтау жүйесі, математикалық статистика, кластерлік талдау, жақын көрші әдісі.

Bakhytzhana M.G., Bedelbaev A.A.

Intelligent analysis of archival data in KazNU documents storage system, on the basis of SQL Server for tools in 2012 of Microsoft Company

Summary: This article describes the methods of mining of archival data and their applicability by KazNU, in the example of KazNU documents storage system, on the basis of SQL Server for tools. There are given mathematical (based on neural network approach) and informational (in UML) of the system models and solved using modern clustering algorithms (decision tree, logistic regression, neural networks). The work presents the description and evaluation of the quality of the constructed models class. Described in the article the methodology for its application allows significantly to formalize the analysis of the data and to reduce resources. The developed system allows improving the effectiveness of mining archived data according to certain criteria and categories. Key words: data mining, machine learning, classification, clustering, documents storage system, mathematical statistics, cluster analysis, nearest neighbor method.

УДК:006.015.5

**Ә.С. Асқарова, С.Ә. Бөлегенова, С.Ә. Бөлегенова, Ж.Қ. Шортанбаева
Ш.С. Оспанова, А.З. Нурмуханова, А.М. Максұтханова, А.О. Нұғыманова, Н.Н. Чигамбаева**
(Казахский национальный университет им. аль-Фараби
Алматы, Республика Казахстан)

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Анатпа: Берілген мақалада компанияның стратегиялық мақсатын анықтау, ұйым қызметінің тиімділігін арттыру үшін қызметтің түйінді көрсеткіштерін (KPI) қолдануды дамыту жолдары қарастырылған. сапа менеджменті жүйесінің негізгі қағидалары, ҚР СТ ИСО 9001:2000, 9004:2000 стандарттары негізіндегі қызметкерлерді мадақтау мен ынталандыру жүйесінің негізгі ережелері келтірілген.


Түйін сөздер: сапа менеджменті, мотивация, KPI, ынталандыру, сыйақы.

Сапа менеджмент жүйесі – әлем мойындаған және кез-келген ұйымды басқарудың тиімді құралы. Бүгінгі таңда сапа менеджменті жүйесін ISO 9000:2000 сериялы халықаралық стандарттар талабына сәйкестендіріп жасау және сертификаттау бойынша жұмыстар жүргізілуде. ISO 9000 сериялы стандарттары тұтынушы талаптарын қанағаттандыратын тауар мен қызмет өндірісін ұйымдастыру жөніндегі дамыған елдердің жинақталған тәжірибесінің көрінісі болып саналады. Бұл стандарттардың ережелерін кәсіпорында орындау дегеніміз – өндірілетін өнімнің сапасын жұрт мойындаған кепілдікпен қамтамасыз ету. Жұмыстарды арнайы құрылған бөлімше – Сапа кепілдігі басқармасы жүргізеді. Сапа менеджменті жүйесінің әдістемесі мен тәсілдері компания құрылымын өзгерту және ағымдағы үдерістерді жеңілдету мен жақсарту кезінде қолданылады. Сапа менеджменті жүйесін жасақтау тұсында компания өз қызмет аясының түрлі салаларын басқаруды жетілдіріп, ол өз кезегінде жаңа үдерістерді, құжаттардың жаңа үлгілерін жасау мен қолданысқа енгізу ісінде көрініс табады [1-3].

Кәсіпорынды жалпы басқару шегінде сапа менеджментінің жүйесіне қойылатын талаптар ИСО 9001 «Сапа менеджментінің жүйесіне және экологиялық менеджментіне аудит жүргізу бойынша басқарушы нұсқаулар» Халықаралық стандартында жазылған. Стандарт кәсіпорында ИСО 9001 халықаралық стандартқа сәйкес жұмыс істейтін сапа жүйесін құру үшін және осы жүйені ИСО 9004 халықаралық стандартқа сәйкес жақсарту үшін кәсіпорынның ішкі бөлімдерімен және сапа жүйесін сертификаттау кезінде оның ИСО 9001 халықаралық стандартқа сәйкестігін бағалау үшін сыртқы мекемелермен қолданыла алады.

Сапа саласында қабылданған саясатты іске асыру үшін кәсіпорынның басшылығы сапа жүйесін әзірлейді, енгізеді және оның жұмыс жағдайын қолдайды. Сапа жүйесіндегі қызметі бірқатар негіз қалаушы «іргелі» ережелерге негізделеді. Осы ережелерді қатаң сақтау жұмысты тиісті деңгейін қамтамасыз етеді, ал оларды елемеу сапа менеджментінің тиімділігін жоққа шығарады.

Бірінші ереже: сапа жүйесі кәсіпорын қызметінің барлық түрлерімен өзара байланысты және оның іс-әрекеті нарықтың қажетін бастапқы анықтаудан бастап белгіленген қажеттілікті қанағаттандыруды қамтитын өнімнің және процестердің өміршеңдік циклының барлық кезеңдеріне таралады. Өнімнің өміршеңдік циклының типтік кезеңдері 1 суретте көрсетілген. Барлық кезеңдерде сапа жүйесі жөніндегі жұмыстардың кәсіпорында орындалатын басқа жұмыстармен өзара байланысы жүзеге асырылады.



1-сурет. Өнімнің өміршеңдік циклының типтік кезеңдері

Екінші ереже: кәсіпорын басшылары сапа жүйесін әзірлеуге, енгізуге және оны жұмыс істейтін қалыпта қолдауға тиіс. Бұл ретте олар сапа жүйесінің құрылымының келесідей өзекті мәселелеріне ерекше назар аударуға тиіс:

- жүйенің функцияларын анықтау және жүйеде жауапкершілік пен өкілеттілікті бөлу;
- жүйені ресурстармен қамтамасыз ету, жұмыс тәртіптерімен әзірлеу;
- конфигурацияны әкімшілік басқару.

Сапа саласындағы жауапкершілік пен өкілеттілік белгіленген құжаттарға кәсіпорынның ұйымдастырушылық құрылымы, сапа жөніндегі басшылық, бөлімшелер туралы ережелер, лауазымдық нұсқаулықтар, рәсімдер жатады. Сонымен бірге сапа саласындағы жауапкершілік пен өкілеттік басқару практикасында «құзыреттілік матрицасы», «бөлу матрицасы», «ұйымдастыру картасы» деп аталатын жауапкершілік матрицасында белгіленуі мүмкін.

KPI – қызмет нәтижесінің түйінді көрсеткіші - (ағыл. Key Performance Indicators, KPI) ұйымның тактикалық (операционды) және стратегиялық мақсаттарға жетуін анықтауға көмектесетін, бағалау жүйесі. Оның қолданылуы ұйымның өзінің жағдайын бағалауға және стратегияның орындалуының бағалауына көмектесу мүмкіндігін береді. KPI (қызмет нәтижесінің түйінді көрсеткіші) нақты уақыттағы компания мен қызметкерлердің іскерлік қарқындылығын бақылауды жүргізуге мүмкіндік береді. KPI – бұл қойылған мақсаттарды өлшеу құралы. Егер ойлап тапқан көрсеткіш мақсатпен байланысты болмаса, онда берілген терминді қолдануға болмайды. Тапсырмалар мен мақсаттарды бақылау және қарау, орындау технологиялары, «Мақсат бойынша басқару» деп аталатын және заманауи менеджменттің негізі болған концепция негізінде жатыр. Компания қызметі жөнінде оперативті ақпарат алу – әрбір басшылық қажеттілігі болып табылады. Бұл үшін ұйымда, компанияның жұмысын әр қырынан бағалауға мүмкіндік беретін есептер жүйесі құрылады [4].

Алайда, есептердің болуына қарамастан, басшылыққа бұрынғыдай түйінді сұрақтарға жауап беру оңай емес: Қойылған мақсатқа қаншалықты тез жетеміз? Қойылған мақсатқа жету үшін не әсер етеді? Бұл сұрақтардағы анықтылықты қамтамасыз ету үшін, стратегиялық параметрлерді өлшеуге негізделген, қызмет нәтижесінің түйінді көрсеткішінің (KPI – Key Performance Indicators) шектелген жиыны қажет. Олардың мақсаты – басқа есеп жүйесіне алмастыру емес, ал мүмкін болатын мәселелерді ескертетін, компания қызметінің индикаторларының орнын басу болып табылады. KPI (қызмет нәтижесінің түйінді көрсеткіші) құрудың негізі – компания стратегиясы және оның бизнес-моделі – ұйымдастырылған құрылым және түйінді бизнес-процестері.

Стратегиялық мақсаттардың анализі және олардың ұйым бизнес-модель трансляциясы мақсатқа жеткендігін растайтын компаниядағы қандай өзгерістер және уақыт бойынша бұл өзгерістердің динамикасы қандай екенін анықтауға мүмкіндік береді. Ұйымның потенциалды өлшенетін сипаттамаларының ажыратылған тізімінен қызмет нәтижесінің түйінді көрсеткіші (KPI) алынады. Алынған KPI жүйеге енгізіледі, яғни есеп форматы мен тәртібі құрылады. Жақын периодқа қызмет нәтижесінің түйінді көрсеткішінің жоспары құрылады. Компанияның қызмет нәтижесінің түйінді көрсеткіш жүйесінде негізделген, мотивация технологиясы Батыс Европа және АҚШ ұйымдарында кең таралған. Компания қызмет индикаторларының алуан түрлерін қолдану жағдайы KPI және BSC (TKЖ) қолдану нәтижесімен расталды. Мысалы, Ресей компанияларының тек 23% ғана KPI және BSC бойынша мотивация және басқару методологиясын қолданатынын мойындады. Ресей нарығында бұл методологияны құру және енгізу жаңалығы - KPI және BSC қолданатын 70% компаниялар, технологияны бір жылдан аз қолданатынын атап өтті.

Алайда, бүгінде Қызметтің түйінді көрсеткіштері және BSC бойынша басқару жүйесін қолданбайтын, 20% компаниялар болашақта оны қолдануды жоспарлауда. Стратегиялық басқару үшін KPI және BSC қолданудың себебі, басқаруда және өндірісте алдыңғы шеп технологияларды қолдану есебінен, бәсекелестікке ие болу үшін, сонымен қатар ұйым қызметінің тиімділігін арттыру үшін қолданады. Компанияларда, 3-5 бөлек бағыт бойынша, орташа 10-20 көрсеткіштер негізінде қызмет нәтижесін өлшеудің теңгерілген әдісі қолданылады. Эксперттік рейтинг және халықаралық биржада (FTSE, Fortune және т.б.) көшбасшы болып табылатын батыс компанияларында, топ-менеджерлердің сыйақы пакеті, ұзақ мерзімді мақсаттарға жетудегі немесе компанияның өсу бағасына (акция бағасы) байланысқан ұзақ мерзімдегі элементі болыптабылады.

Басшылықтың деңгейі неғұрлым жоғары болған сайын, соғұрлым оның жиынтық табысын тұрақты еңбек ақысы құрайды және барлық өтемақы пакеті – компанияның ұзақ мерзімді мақсаттарына жетумен байланысқан опциондар мен бонустар. Сонымен қатар employment brand – жұмыс беруші бренді, яғни компанияның тұрақтылығы және оның жетістіктері, маңыздылығы зор. Атақты бренд фирмалары кәсіби басшылыққа төмен өтемақы деңгейін ұсынып-ақ оңай өздеріне көңілін аудара алады. Атақты бренд компания басшылығы өз позициясын сақтай отырып, бірақ сыйақы беру деңгейі әлдеқайда жоғары болатын атағы төменірек ұйымға оңай ауыса алады.

Топ-менеджерлерге сыйақы беру олардың қызметінің нәтижесінен және қойылған мақсатқа жету үшін келесідей қаржылық көрсеткіштерден тәуелді болады: Таза табыс; (амортизациялық аударым мен проценттердің, табысқа салық төлеуге дейінгі кіріс); Дисконтталған ақша ағымы (көтерме саудамен айналысатын компаниялар үшін арналған қолданатын топ-менеджерлердің нәтижесін бағалау); Экономикалық табыс –салықтан кейінгі операциялық табыс және қарыз шығындары мен компанияның акционерлік капитал арасындағы айырмашылық; Қосалқы құн (мұндай баға жеке меншікке пайдалылық актив және орташа баға капиталы –шеңберінде жұмыс істейтін, ұйымда қосалқы құн туғызатын менеджердің қаншалықты табысты екенін сараптауға мүмкіндік береді. Теңгерілген көрсеткіштер жүйесі болған кезде, онда әртүрлі құрамдас бөліктегі көрсеткіштер қатары қосылады (1 кесте).

1-кесте. **Өндірістік компанияның бас директорының мақсаттары мен KPI**

TKЖ құрамдас бөлігі	Мақсаттар	Көрсеткіштер	Салмағы
Қ1	Табыс өсімі	EBIDTA	40
Қ2	Капитал пайдасының өсімі	ROCE	20
К	Клиенттің қанағаттану өсімі	CSI	20
ІІІ	Құралдардың модернизациялануы	Мерзімдер	10
Д	Стратегиялық мақсаттар негізіндегі қызметкерлер санын оңтайландыру	Стратегиялық құзыреттіліктің өтеу коэффициенті	10

Топ-менеджерлердің мотивациясы олардың қажеттіліктерін ескере отырып, индивидуалды темпераментке ие болуы керек. Сонымен қатар топ-менеджерлер үшін әділ сыйақы беру жүйесі аса маңызды және қызметіне сәйкес бағасы, мойындалуы, өкілдігінің болуы. Басшылық алдына мақсаттар қойылған соң, оның іс-әрекетіне толық бостандық бере отырып, оған сыйақы беру керек.

Компания жеке меншігі тарапынан үлкен шектеулер мен қатты қадағалау басшылыққа кері мотивациялық түрінде әсер етеді. Басшылық үшін ынталандыру жүйесі компания тиімділігін ұзақ мерзімде болуын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Ішкі бизнес-процестердің құрамдас бөлігіне кіретін басқа көрсеткітер, кейбір топ-менеджерлер үшін жоспардан ауытқу фактының проценті (жоспарлау қателігі деп те атауға болады) сияқты бағаланатын, сапалы жоспарлау болып келеді. Жақсы жоспарлау кезінде факт жоспардан байыпты немесе тұрақты ажыратыла алмайды. Егер компания ТКЖ – теңгерілген көрсеткіштер жүйесі, әдісін қолданбаса, онда осы кезеңдегі маңызды мақсаттарды таңдап және оларды топ-менеджерлердің сыйақы беру кестесіне енгізу керек. Құрылыс жөніндегі директорлар үшін мақсаттар мен КРІ кестесі берілген. Сонымен қатар кестеде көрсеткіштер салмағы көрсетілген (салмақ неғұрлым көп болған сайын, соғұрлым компания үшін мақсат маңызды болады). Топ-менеджерлердің мақсаттарының кестесінде қысқа мерзімді сияқты, бизнестің даму потенциалын аңдйтын орта мерзімдегі мақсаттар мен көрсеткіштер бола алады (2 кесте).

2-кесте. Құрылыс жөніндегі директорлар үшін мақсаттар мен КРІ кестесі

Мақсаттар	КРІ	Салмақ
Ақшалай түсім өсімі	Ақшалай түсімнің көлемі	15
Табыс өсімі	EBIDTA	20
Объектіні эксплуатациялаудағы қайыру графикті орындау	Енгізу мерзімі	20
Сметаға сәйкес бюджетті орындау	Бюджеттен сметаның ауытқу проценті	20
Инспекциялау органдар тарапынан ескертпелердің болмауы	Айыппұл суммасы	15
	Ескертпелер саны	10

Топ-менеджерлерді әрқашан ортақ нәтижеге жетуге, компания арасындағы байланыс қызығушылығын және ресурстарды тиімді пайдалануға мотивациялау керек, яғни компанияны мақсаттары мен стратегияларын толығымен орындау қажет. Көздеген нәтижеге жеткенде басшылыққа, еңбек ақысының базалық бөлімінен 60-100 % жететін бонус төленеді. Сонымен қатар, нәтиженің белгілі бір бөлігін орындаған соң, минималды бонус беріледі, әдетте ол мақсатты мәннен 75-80 % болатын деңгейде тағайындалады. Топ-менеджерлерінің сыйақы беру жүйесі 3 кестеде көрсетілген [5-7].

3-кесте. Сыйақы беру кестесі

Нәтиже проценті	80-84	85-89	90-94	95-99	100	101-110	111-120
Айлық проценті	20	40	60	80	100	110	120

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 1 наурыз 2006 жылғы Қазақстан халықтарына жолдауында «Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясын ұсынды». Бұл жұмыстың мақсаты осы стратегияға байланысты отандық кәсіпкерлердің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату тәсілдерін іздеу. Өнімнің сапасын жетілдіруде сапаны басқару жүйесінің халықаралық тәжірибесін қолдану, оның ішінде ИСО 9000 сериялы стандарттарын енгізу қажеттілігін айқындау. Сонымен қатар компаниялардың, өнеркәсіптердің, кәсіпорындарының бәсекеге қабілетті болуы үшін сыйақы беру жүйесі, қызметкерлерді ынталандыру, мотивация жүйесі, қызмет нәтижесінің түйінді көрсеткіштер нәтижелері де үлкен әсерлерін тигізеді. Бүгінгі таңда сұранысқа ие жүйенің бірі ол - КРІ – қызмет нәтижесінің түйінді көрсеткіші - ұйымның тактикалық және стратегиялық мақсаттарға жетуін анықтауға көмектесетін, бағалау жүйесі. Оның қолданылуы ұйымның өзінің жағдайын бағалауға және стратегияның орындалуының бағалауына көмектесу мүмкіндігін береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Кулекеев Ж.А., Пивень Г.Г., Нургужин М.Р., Капанова Ш.М., Падиарова И.П. Системы менеджмента качества организаций высшего профессионального образования. – Караганда: КарГТУ, 2004. – 105 с.
- [2] Швандара В.А. Стандартизация и управление качеством продукции: Управление качеством продукции. - М.: ЮНИТИ, 2000. -214 с.
- [3] Салимова Т.А., Еналеева Ю.Р. Самооценка деятельности организации: учебное пособие. – М.: Академический проект, 2006. – 279 с.
- [4] Бирюкова Л. И. Сертификация систем качества: учеб.-метод. пособие. – 2-е изд., испр. – Саранск: Изд-во Мордов. ун-та, 2010. – 64 с.
- [5] Акишев К., Дарибаева Г. Стандарттау, метрология және сәйкестікті бағалау: учебное пособие. - Астана: Фолиант, 2008. - 256 с.
- [6] Шишкин И.Ф. Метрология, стандартизация и управления качеством. - М.: Изд. Стандартов, 1990. - 325 с.
- [7] Gardner R. Resolving The Process Paradox // Quality Progress. - 2001. - № 3. - P. 51-59.

Аскарова А.С., Болегенова С.А., Болегенова С.А., Шортанбаева Ж.К., Оспанова Ш.С.
Нурмуханова А.З., Максутханова А.М., Нұғыманова А.О., Чигамбаева Н.Н.

Пути повышения эффективности системы менеджмента качества

Резюме: В данной статье рассмотрены определение стратегических целей компании, пути развития применения ключевых показателей деятельности (KPI) для повышения эффективности деятельности организации. Приведены основные принципы системы менеджмента качества, положения системы стимулирования и поощрения персонала на основе стандартов СТ РК ИСО 9001:2000, 9004:2000.

Ключевые слова: менеджмент качества, мотивация, KPI, стимулирование, вознаграждение.

Askarova A. S., Bolegenova S. A., Bolegenova S. A., Shortanbayeva Zh.K., Ospanova Sh. S.
Nurmukhanova A.Z., Maksutkhanova A.M., Nugymanova A.O., Chigambayeva N.N.

Ways of improving the efficiency of the quality management system

Summary: This article considers the definition of the company's strategic goals, the development of the application of key performance indicators (KPI) to improve the effectiveness of the organization. The main principles of the quality management system, the provisions of the system of incentives and staff incentives based on the standards of ST RK ISO 9001: 2000, 9004: 2000 are given.

Keywords: quality management, motivation, the KPI, promotion, rewards.

УДК 681.5

¹К. Алимхан, ^{2,3}Н. Тасболатұлы

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
²Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институты, Алматы, Қазақстан,
³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
email: *tasbolatuly@gmail.com*)

ЖОҒАРЫ ДӘРЕЖЕЛІ АНЫҚТАЛМАҒАН СЫЗЫҚТЫ ЕМЕС ЖҮЙЕЛЕРДІ КҮШТІ ПРАКТИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ

Түйіндеме. Берілген жұмыста жоғары дәрежелі анықталмаған сызықты емес жүйелерді басқару контроллері жәрдемінде күшті практикалық бақылау мәселесі зерттелді. Сонымен қатар, жоғары дәрежелі анықталмаған сызықты емес жүйелерге күшті практикалық бақылауды орындау үшін қатаң емес шарт қойып басқару контроллерін құру мүмкіндігі қарастырылды және бұл контроллер алдын белгілі контроллер-бақылаушы әдісіне сүйеніп құрылды. Мақаланың соңында нәтиженің тиімділігіне көз жеткізу үшін қарапайым сандық мысал Matlab қосымшасында есептелініп, қателік салыстырылды.

Түйін сөздер: басқару теориясы, кері байланыс, басқару контроллері, күшті практикалық бақылау, тірек сигналы.

Кіріспе. Бұл жұмыста жоғары дәрежелі анықталмаған сызықты емес жүйелерді басқару контроллері немесе кері байланыс шығысы жәрдемінде кең ауқымды практикалық бақылау проблемасын қарастыратын боламыз. Жоғары дәрежелі анықталмаған сызықты емес жүйелердің математикалық моделі келесідей түрде беріледі:

$$\begin{aligned}\dot{x}_i &= x_{i+1}^{p_i} + \phi_i(t, x, u), \quad i = 1, \dots, n-1, \\ \dot{x}_n &= u + \phi_n(t, x, u), \\ y &= x_1 + y_r\end{aligned}\tag{1}$$

мұндағы, $x = (x_1, \dots, x_n)^T \in R$ – жүйенің күйі, $u \in R$ – жүйенің басқару кірісі, $y \in R$ – шығыс сигналы, $i = 1, \dots, n$ үшін $\phi_i(t, x, u)$ – белгісіз үзіліссіз функциялар және $p_i \in R_{odd}^{\geq 1} := \{p/q \in [0, \infty), p \geq q\}$, $i = 1, \dots, n-1$ – жүйенің жоғары реттілігін көрсетеді, ал y_r – ізіне түсуге арналған тірек сигналы. Әдетте ізіне түсу мәселесінің қарапайым жағдайында эталондық сигнал $y_r(t)$, $t \in [0, \infty)$ және оның туындылары белгілі, бірақ біздің қарастыратын мәселемізде x_1 шығыс сигналы мен y_r тірек сигналы арасындағы $y = x_1 - y_r$ қателікті өлшеуге болады деп есептеледі. Сәйкесінше, тек y -ті контроллерді жобалау кезінде қолдануға рұқсат етіледі. Алайда, біздің басқаруымыз қарапайым жағдайдан тұратындығы белгілі, өйткені y_r белгілі, x_1 -ді $x_1 = y - y_r$ арқылы алуға болады. Осыған қосымша ретінде, кейбір практикалық бақылау программаларында қателік сигналы $y = x_1 - y_r$ тек ақпарат деп саналып, міндетті түрде есептелуге жатады. Мысалы, ракетаны бағыттау жүйесінде борттық радар қозғалыстағы нысанның абсолютті позициясын, яғни y_r сигналын өлшеудің орнына ракета мен нысанның арасындағы арақашықтық/қателікті өлшеуді жалғастыра береді [1]. Басқа жағдайда тек қателік сигналы датчик құрылымын қарапайым етеді, өйткені, контроллер жіті бақылануы тиіс сигналдан тәуелсіз деп тұжырымдалады. Осылайша, контроллер түрлі тірек сигналдарына көбірек бейімделген болып табылады [2].

Сызықты емес жүйелер басқару теориясының маңызды бөлігі саналады. Табиғатта кездесетін барлық физикалық жүйелер сызықты емес. Ізіне түсу мәселесі сызықты емес басқару теориясының ең маңызды есептерінің бірі болып табылады және бұл мәселені шешу үшін соңғы онжылдықтарда кеңінен зерттеулер жүргізілуде. Оны мәселенің шешімінің практикада қолданылу маңыздылығымен түсіндіруге болады. Мысалы, ізіне түсу мәселесі әскери салаларда, әуе қозғалыстарын басқару сияқты салаларда қолданылады. Кері байланыс күйі бойынша басқару мәселесіне қарағанда кері байланыс шығысы арқылы басқару теориясы баяу дамыған, өйткені, сызықты емес контроллерді жобалаудың ешқандай жалпыға ортақ және тиімді әдісі жоқ.

Сызықты емес дифференциалды теңдеулермен берілген динамикалық процесстер, объектілер басқару нысаны саналып, оларды тұрақтандыру есебіне құрылған әдістердің басым көпшілігі Ляпуновтың тура әдісіне негізделіп жасалып келеді. [3] еңбекте әр алуан топтағы сызықты емес объектілер үшін түрліше басқару жүйелерін жобалау есептері Ляпуновтың тура әдісі жәрдеміне шешіледі. Кері байланыс негізінде шығыс мәліметтерін реттеудің тиімді әдісі [4] еңбекте қарастырылып, оның нәтижесі шығыс мәліметтері бойынша күшті бақылау жүйесін құруда, сызықты емес жүйелерді кең ауқымды бақылау есептерінде қолданылуда. Салыстырмалы түрде соңғы жылдары шыққан [5] еңбекте және монографияда [6] сызықты және сызықты емес жүйелер үшін шығыс сигналын бақылау проблемасына қатысты басқару теориясындағы жетістіктер толық және жіті баяндалады. Сонымен қатар, осы мәселеге қатысты алғашқы еңбектердің көпшілігі тірек сигналын тұрақты немесе экзосистема арқылы алынады деп қарастырылды [7-10]. Ал тірек сигналы уақытқа байланысты өзгеріске ұшырайтын жалпылама жағдайды ең алғаш рет А. Исидори және С.И. Бирнс [6,11] қарастырды. Жоғарыда аталған еңбектердің көпшілігінде басқарылатын сызықты емес жүйелердегі Якобиан сызықтандыруы тұрақты және анықталады [6] деген талап қойылды, және осы екі қасиет сызықты емес реттегіш нәтижесін немесе күйін немесе қателікке ие кері байланыс мәселесін шешудің негізгі алғышарты болып табылды. Алайда, сызықты емес жүйедегі Якобиан сызықтануы тұрақтанбайтын және/немесе анықталмайтын жағдайында бұл мәселені шешу күрделі әрі қиын болады, және мұндай сызықты емес жүйелер үшін нәтижелі еңбектер өте аз [12-14].

Бұл жұмыспен тығыз байланысты келесі еңбектерді [15-17] қарастырайық. Бұл еңбектерде «шығыс мәліметтерін практикалық бақылау» жаңа концепциясы ұсынылды және үшбұрышты пішінді (triangular systems) жүйелер тобы үшін шығыс мәліметтерін практикалық бақылау проблемасын

зерттеді және бұл бақылау мәселесін шешу үшін үзіліссіз күйдегі локальды кері байланыс контроллерін алды. Үшбұрышты пішіндес жүйелер яғни, үшбұрышты (жоғарғы және төменгі) матрица коэффициенттерінен тұратын жүйелер. Әрі қарай, бір кіріс мәліметі мен бір шығыс мәліметінен тұратын келесі түрдегі сызықты емес жүйелердің арнайы тобы үшін кең ауқымды күшті практикалық бақылау проблемасы [16] зерттелді:

$$\begin{aligned} \dot{x}_i &= x_{i+1}^{p_i} + \phi_i(t, x, u), \quad i = 1, \dots, n-1, \\ \dot{x}_n &= u^{p_n} + \phi_n(t, x, u), \\ y &= x_1 \end{aligned} \quad (2)$$

Жоғарыдағы еңбектегі тұжырым бойынша (2) жүйенің шығыс сигналдарын кең ауқымды күшті асимптотикалық бақылау тірек сигналының тұрақты жағдайында тегіс күйдегі кері байланыс арқылы шешімге ие. Алайда, осы мәселе тірек сигналы уақытқа байланысты өзгертін жағдайда кері байланыстың тегіс күйі арқылы шешу мүмкін емес. Сондықтан да, бұл жағдайды еңсеру үшін Цянь және Линь [18] шығыс мәліметтерін практикалық бақылау проблемасында (2) жүйеге қарағанда жалпылама жүйені ұсынып, қайсыбір сәйкес шарттар қою арқылы кең ауқымды күшті практикалық бақылау есебі кері байланыс күйі жәрдемінде шешімге ие болатындығын дәлелдеді.

Практикалық жағдайда мұндай контроллер құру үшін тек шығыс мәліметтерін қолданған дұрыс және (2) жүйені тұрақтандыру мәселесі шығыс мәліметтері бойынша кері байланыс жәрдемінде әлі шешімін таппаған, сәйкесінше із кесу мәселесі шешілмеген. Сондықтан да, Ян және Лин [19] (2) жүйеге қарағанда жұмсақтау жүйені ұсынды және мұндағы $p_i = p (i = 1, \dots, n-1)$ және $p_n = 1$ деп болжам жасады:

$$\begin{aligned} \dot{x}_i &= x_{i+1}^{p_i} + \phi_i(t, x, u), \quad i = 1, \dots, n-1, \\ \dot{x}_n &= u + \phi_n(t, x, u), \\ y &= x_1 \end{aligned} \quad (3)$$

және «бақылаушы және контроллер» идеясын ұсынды. Ол бойынша (3) жүйені кең ауқымды күшті тұрақтандыру тегіс кері байланыс арқылы қол жеткізуге болатынын көрсетті.

Мәселенің қойылуы және алғышарттар. Жоғарыда келтірілген (1) түрдегі жүйені қарастырайық. Мұнда $y_r(t)$ тірек сигналы $t \in [0, \infty)$ аралығымен шектелген C^1 -функция болып табылады, $\dot{y}_r(t)$ туындысы да шектелген деп тұжырымдайық. Онда осы жұмыста қарастырған шығыс сигналын контроллер арқылы күшті практикалық бақылау есебі келесі түрде анықталады: кез келген берілген $\varepsilon > 0$ үшін, контроллер құрылымын келесі түрде аламыз

$$\begin{cases} \dot{\zeta} = \alpha(\zeta, y), \quad \zeta(0) \in R^m \\ u = \beta(\zeta, y) \end{cases} \quad (4)$$

мұнда, α, β – қайсыбір біртекті функциялар, m – қолайлы оң бүтін сан.

- (1), (4) тұйық жүйесінің әрбір күйі $[0, \infty)$ аралығында жақсы анықталған және ауқымды шектелген;

- практикалық ізкесуді орындау мүмкін, яғни, ε -ға және бастапқы жағдайы $x(0) \in R$ байланысты $T := T(\varepsilon, x(0)) > 0$ шекті уақыт бар және (1), (4) тұйық жүйесінің шығысы келесі шартты қанағаттандырады:

$$|y(t)| = |x_1(t) - y_r(t)| < \varepsilon, \quad \forall t \geq T \geq 0 \quad (5)$$

Ары қарай, «интегратор дәреже көрсеткішін қосу» әдісін және «үйлескен контроллер-бақылаушы» идеясын қолданып, біз, (1) бойынша қолайлы болжамдардан шығысты практикалық бақылау мәселесі (4) түрдегі контроллер жәрдемінде шешуге болатындығын көрсетеміз.

1 болжам. (1) түрдегі сызықты емес жүйе үшін $C_1 \geq 0, C_2 \geq 0$ нақты саны бар болады

$$|\phi_i(t, x, u)| \leq C_1 (|x_1|^p + \dots + |x_n|^p) + C_2 \quad (6)$$

2 болжам. $y_r(t)$ тірек сигналы C^1 -мен шектелген функция болып табылады, яғни $D > 0$ белгілі тұрақтысы келесіні қанағаттандырады

$$|y_r(t)| + |\dot{y}_r(t)| \leq D, \quad \forall t \in [0, \infty) \quad (6)$$

Шығыс сигналын күшті практикалық бақылау мәселесі.

Теорема. (1) жүйедегі 1 және 2 болжам бойынша шығысты кең ауқымды күйіті практикалық бақылау мәселесі (4) түрдегі контроллермен шешімге ие және мұндай контроллерді құру процедурасы берілген [12-14].

Теорема дәлелдеу контроллер-бақылаушы комбинацияланған жобалау әдісін негіз етіп алады және ол екі бөлімнен тұрады:

1. Бірінші бөлімде (1) түрден алынған $|\phi_i(t, x, u)| = 0, i = 1, \dots, n$ және $y_r = 0$ үшін номиналды форманы (p – нормал форманы) асимптотикалық тұрақтандыратын шығыс контроллерін құру қарастырылады; (кері байланыс күйінің құрылымы) x_1, x_2, \dots, x_n - айнымалылар күйі өлшенуге жатады және бір интегратор қуаттылығы әдісі қолданылады деп есептейміз [17,18];

2. Екінші бөлімде (1) үшін кері байланыс контроллері күйін құрамыз, ол 2-болжамды қанағаттандыратын кез келген тірек сигналы үшін шығыс сигналдарын кең ауқымды практикалық бақылауды қамтамасыз етеді.

Теореманың анықтылығын жоғарыда келтірілген екі әдіс негізінде дәлелдеуге болады, дәлелдеме Поленда және Цян [20] авторлардың еңбектері негізіне сүйенеді.

Компьютерде моделдеу. Келесі түрдегі сызықты емес жүйені қарастырайық,

$$\begin{aligned} \dot{x}_1 &= x_2^3 + \frac{x_2^3}{3(1+x_2^2)}, \\ \dot{x}_2 &= x_3 + \frac{1}{4} \left(x_2^3 \sin x_1^2 + x_2^3 \right), \\ \dot{x}_3 &= u + \frac{1}{7} x_3, \\ y &= x_1 - y_r \end{aligned} \quad (7)$$

мұнда, $p_1 = 3, p_2 = 1, p_3 = 1$ және $y_r(t) = (\sin(t))^3$. Басқарудың мақсаты $x_1(t)$ күйін тек $y(t)$ өлшемін пайдаланып, уақыт бойынша өзгеріп отыратын $y_r(t)$ тірек сигналының ізіне түсуін мәжбүрлеу болып табылады. Бұл ізіне түсу мәселесінде $y_r(t)$ белгілі болуы шарт емес. Мұндағы (7)

• Физико-математические науки

сызықтандырылған жүйе $x = 0$ жағдайында тұрақтанбайды және анықталмайды. Ары қарай, анық емес функциялар келесі түрде бағаланады:

$$|\phi_1(t, x, u)| = \frac{1}{3} \left| \frac{x_2^2}{1+x_2^2} \right| \leq \frac{1}{3} |x_1|^3 + \frac{1}{3},$$

$$|\phi_2(t, x, u)| = \left| \frac{1}{4} \left(x_2^{\frac{1}{3}} \sin x_1^2 + x_2^3 \right) \right| \leq \frac{1}{4} \left(|x_2|^{\frac{1}{3}} |x_1|^2 + |x_2|^3 \right) \leq \frac{11}{20} (|x_1|^3 + |x_2|^3) + \frac{28}{45}, \quad (8)$$


$$|\phi_3(t, x, u)| = \left| \frac{1}{7} x_3 \right| \leq \frac{1}{35} (|x_1|^5 + |x_2|^5 + |x_3|^5) + \frac{8}{35}.$$

яғни, $C_1 = \frac{11}{20}$ және $C_2 = \frac{28}{45}$ 1-болжамды қанағаттанады. Ал, 2-болжам тірек сигналын қанағаттандырады. Теореманың дәлелдемесінен шығыс контроллері құрылымын келесі формада аламыз:


$$\begin{aligned} \dot{\hat{x}}_2 &= -ML_1 (\hat{x}_2 + L_1 (x_1 - y_r))^3, \\ \dot{\hat{x}}_3 &= -ML_1 (\hat{x}_3 + L_2 (\hat{x}_2 + L_1 (x_1 - y_r)))^3, \\ u &= -M^{\frac{7}{3}} \left[\beta_3 (\hat{x}_3 + L_2 \hat{x}_2 + L_2 L_1 (x_1 - y_r))^5 + \beta_2 (\hat{x}_2 + L_1 (x_1 - y_r))^5 + \beta_1 (x_1 - y_r)^5 \right]. \end{aligned} \quad (9)$$

мұнда, $L_1 = 9$, $L_2 = 3$ және $\beta_1 = \frac{3}{20}$, $\beta_2 = \frac{5}{8}$, $\beta_3 = \frac{4}{5}$ мәндері контроллерді құру барысында (7)


номиналды формасынан алынды және компьютерде есептеу барысында $x_1(0) = -7$, $x_2(0) = 7$, $x_3(0) = 10$, $\hat{x}_2(0) = -10$, $\hat{x}_3(0) = 50$ үшін $M = 450$ мәнінде із кесу қателігі 0,2 шамасында (1б-сурет), $M = 4500$ мәнінде із кесу қателігі 0,1 құрады (2б-сурет).



1а сурет. $M = 450$ мәніне сай $x_1(t)$ және $y_r(t) = (\sin(t))^3$ графигі




1б сурет. $M = 450$ мәніне сай $x_1(t)$ және $y_r(t) = (\sin(t))^3$ бойынша қателік графигі



2а сурет. $M = 4500$ мәніне сай $x_1(t)$

және $y_r(t) = (\sin(t))^3$ графигі



2б сурет. $M = 4500$ мәніне сай $x_1(t)$

және $y_r(t) = (\sin(t))^3$ бойынша
кәтелік графигі

Қорытынды

Бұл жұмыста объект үшін тірек сигналының ізіне түсу мәселесі, сызықты емес дифференциалды теңдеулермен сипатталған динамикалық процестер есебі қарастырылды. (1) түрдегі сызықты емес жүйелер үшін күшті практикалық ізкесуді орындау мақсатында шығыс контроллері құрылымы алынды. Негізгі тұжырым теоремада көрсетіліп, дәлелденді. Жұмыстың соңында, нәтиженің тиімділігіне көз жеткізу үшін қарапайым сандық мысал келтіріліп, нәтижесі графикалық кескінде көрсетілді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Gong Q., Qian C. Global practical output regulation of a class of nonlinear systems by output feedback // Proc. the 44th IEEE conference on decision and control, and the European control conference. – Seville, Spain, 2005. – pp. 7278-7283.
- [2] Zhai J., Fei S. Global practical tracking control for a class of uncertain nonlinear systems // IET Control Theory and Applications. – 2011. – vol 5. – Issue 11. – pp.1343 – 1351.
- [3] Khalil H.K. Nonlinear Systems. – 3rd edition. – Prentice Hall, Upper Saddle River, New Jersey, 2002. – p.742.
- [4] Byrnes C.I., Isidori A. New results and examples in nonlinear feedback stabilization // Systems and control letters. – 1989. – 12. – pp. 437-442.
- [5] Byrnes C., Isidori A. Output regulation for nonlinear systems: an overview // Int. J. Robust and Nonlinear Control. – 2000. – 10 (5). – pp. 323–337.
- [6] Byrnes C.I., Psicoli F.D., Isidori A. Output Regulation of Uncertain Nonlinear Systems. – Boston: Birkhäuser, 1997.
- [7] Desoer C., Lin C. Tracking and disturbance rejection of MIMO nonlinear systems with PI controller // IEEE Trans. Autom. Control. – 1985. – 30 (9). – pp. 861–867.
- [8] Di Benedetto M. Synthesis of an internal model for nonlinear output regulation // Int. J. Control. – 1987. – 45 (3). – pp. 1023–1034.
- [9] Huang J., Rugh W. On a nonlinear multivariable servomechanism problem // Automatica. – 1990. – 26 (6). – pp. 963–972.
- [10] Hepburn J., Wonham W. Error feedback and internal models on differentiable manifolds // IEEE Trans. Autom. Control. – 1984. – 29 (5). – pp. 397–403.
- [11] Isidori A., Byrnes C.I. Output regulation of nonlinear system // IEEE Transactions on Automatic Control. – 1990. – 35. – pp. 31-140.
- [12] Alimhan K., Inaba H. Practical output tracking by smooth output compensator for uncertain nonlinear systems with unstabilisable and undetectable linearization // International Journal of Modelling, Identification and Control. – 2008. – 5. – pp. 1-13

- [13] Alimhan K., Inaba H. Robust practical output tracking by output compensator for a class of uncertain inherently nonlinear systems // *International Journal of Modelling, Identification and Control*. – 2008. – Vol.4. – No.4. – pp. 304-314
- [14] Alimhan K., Otsuka N., Mamyrbayev O.J. Global Practical Tracking by Output Feedback for Uncertain Nonlinear Systems Under A Weaker Condition // *International Journal of Mathematical Models and Methods in Applied Sciences*. – Prague, Czech, 2017. – Volume 11. – pp. 88-93.
- [15] Čelikovský S., Huang J. Continuous feedback practical output regulation for a class of non-linear systems having non-stabilizable linearization // *Proc.38th IEEE Conf. Decision and Control*. – Phoenix, AZ. – pp. 4796–4801
- [16] Lin W., Qian C. Robust regulation of a chain of power integrators perturbed by a lower-triangular vector field // *Int. J. Robust Non-linear Control*. – 2000a. – Vol. 10. – pp. 397–421
- [17] Lin W., Qian C. Adding one power integrator: a tool for global stabilization of high-order triangular systems // *Syst. Contr. Lett.* – 2000b. – Vol. 39. – pp. 339–351
- [18] Qian C., Lin W. Practical output tracking of nonlinear systems with uncontrollable unstable linearization // *IEEE Trans. Automat. Contr.* – 2002a. – Vol. 47. – pp. 21–36.
- [19] Yang B., Lin W. Robust output feedback stabilization of uncertain non-linear systems with uncontrollable and unobservable linearization // *IEEE Trans. Automat. Contr.* – 2005. – Vol. 50. – pp. 619–630
- [20] Polendo J., Qian C. A generalized homogeneous domination approach for global stabilization of inherently non-linear systems via output feedback // *Int. J. Robust Non-linear Control*. – 2007. – Vol.17. – pp. 605–629.

Алимхан К., Тасболатулы Н.

Робастное практическое управление неопределенных нелинейных систем высокого порядка

Резюме. В данной работе исследовано робастное практическое управление неопределенных нелинейных систем высокого порядка с помощью контроллера управления и показано математическое моделирование данного контроллера. В конце статьи приводится простой численный пример для подтверждения результативности исследования.

Ключевые слова: теория управления, обратная связь, контроллер управления, робастное практическое управление, эталонный сигнал.

Alimhan K., Tasbolatuly N.

Robust Practical Tracking for High-Order Uncertain Nonlinear Systems

Summary. In this paper, we studied robust practical control of high-order non-linear systems with the help of a tracking controller and demonstrated the mathematical modeling of this controller. At the end of the article, a simple numerical example is given to confirm the effectiveness of the study.

Key words: control theory, feedback, tracking controller, robust practical control, reference signal.

• ХИМИКО-МЕТАЛЛУРГИЧЕСКИЕ НАУКИ

М.Е. Ерланова, Ж.Ж. Каймолдаев, Н.Р. Гусейнов,
Х.А. Абдуллин, Ж.К. Калкозова
(әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан Республикасы)

ГИДРОТЕРМАЛДЫ СИНТЕЗ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ МЫРЫШ ОКСИДІ НАНОБІЛІКТЕРІ МАССИВІНІҢ БАҚЫЛАНЫП ӨСУІ

Аннотация. ZnO негізіндегі нанокұрылымды біліктердің массивтері гидротермалды әдіс арқылы алынды және олардың морфологиясы зерттелді. Әдісті жүргізу барысында гидротермалды синтездеудің оптималды параметрлері анықталды. Параметрлерді өзгерту нәтижесінде ZnO нанобіліктерінің массивтерінің морфологиясы да өзгереді.

Сонымен қатар Si төсенішіне спиндік жабынды әдісімен полимер енгізіп, терезелер ашу арқылы, төсеніштің бетінде тек арнайы жерде ғана нанобіліктердің массивтері өсірілді. Нанобіліктер реагенттердің әр түрлі концентрациясында өсіріліп, сканерлі электронды микроскоп арқылы морфологиясының өзгерісі зерттелді.

Түйін сөздер: ZnO-ның жұқа қабыршақтары, нанобіліктер, золь-гель әдісі, гидротермалды синтез, спиндік жабынды әдісі.

Кіріспе

Соңғы уақытта зерттеуші ғалымдардың тарапынан мырыш оксиді негізіндегі наноөлшемді материалдарға қызығушылық артып отыр. Мырыш оксиді кең ауқымды тыйым салынған аумаққа (300К-де 3,37 эВ), әр түрлі электрлік, оптикалық, фотолюминесценттік [1], химиялық қасиеттерге және жоғары қолданысқа ие болып келетін жартылай өткізгіш материал болып табылады.

Арзан бағасы, жарқырау уақытының аздығы және сәулелендіру кезінде толқын ұзындығының қысқа болуы (~380 нм) ZnO ұнтақты лазерлерде [2], микроэлектроника құрылғыларында, жарықтандырушы диодтарда, өрістік транзисторларда [3], күн элементтерінде және биосенсорлар мен газдық датчиктер жасауда қолдануға мүмкіндік береді [4].

Мырыш оксидін зерттеудегі негізгі бағыт – ZnO құрылымы мен морфологиясының синтез шарттарына байланысты тәуелділігін зерттеу болып табылады. Мырыш оксиді нанобіліктерін алу әдістерінің бірі – гидротермалды синтез [5]. Гидротермалды синтезді жүргізбес бұрын, золь-гель әдісімен ZnO наноқабыршақтары алынды [6]. Алынған наноқабыршақтардың бетінен гидротермалды синтез әдісімен нанобіліктердің массивтері өсірілді. Бұл жұмыста гидротермалды синтез әдісі арқылы параметрлерді өзгерте отырып, кремний төсенішінде нанобіліктердің бақыланып өсуі мақсат болып қойылды.

Тәжірибелік бөлім

Жұмыс барысында алдымен золь-гель әдісі арқылы Si төсенішінде мырыш оксиді наноқабыршақтары алынды. ZnO наноқабыршағын алу үшін 0,4 г мырыш ацетатының 10 мл этанолдағы ерітіндісі дайындалды. Дайын коллоидты ерітінді алдын ала тазалаудан өткізілген Si төсеніші бетіне тамшылату әдісімен біртекті етіп енгізіліп, айналатын үстелде 2400 айн/мин жылдамдықпен $t=3$ мин айналды. Айналу барысында төсеніштің бетіндегі этанол ұшып кетеді де, мырыш ацетаты жұқа қабат болып қалып қояды. Дайын үлгі алдымен кептіргіш пеште $T=100-120^{\circ}\text{C}$, кейін $T=450^{\circ}\text{C}$, $t=1$ сағ муфельді пеште термиялық жасығудан өткізілді. Нәтижесінде Si төсеніші бетінде ZnO наноқабыршағы алынды.

Золь-гель әдісі арқылы алынған ZnO наноқабыршағы бетінде ZnO нанобіліктерінің массиві гидротермалды синтездеу әдісімен өсірілді. Гидротермалды синтез әдісі арқылы кремний төсенішінде ZnO нанобіліктерін алу үшін мырыш нитраты $\text{Zn}(\text{NO}_3)_2 \cdot 6\text{H}_2\text{O}$ мен уротропиннің $\text{C}_3\text{H}_{12}\text{N}_4$ судағы



ерітіндісі алынды. Мырыш нитраты мен уротропиннің қатынасы 1:1. Реагенттердің қажетті концентрациясын өлшеп алып, бөлме температурасында $t=30$ мин шейкерде араластырылды. Дайын ерітінді фторопласты ыдысқа құйылып, пеште 96°C температурада, 1сағ уақыт ұсталды. Тәжірибеде реагенттердің концентрациясы $25\text{мМ}-75\text{мМ}$ аралығында алынды.

Золь-гель әдісімен алынған ZnO наноқабыршағы бар Si төсенішінің бетіне ПММА спиндік жабынды (spin-coating) әдісімен енгізілді. Әдісте қолданылатын айналдырғыш құрылғы спиндік енгізуші деп аталады [7]. Спиндік енгізу құрылғысына Si төсеніші орналастырылды. Кремний төсенішіне ПММА-950 полимері тамшылату әдісі арқылы енгізіліп, 5000 айн/мин айналыммен, төсеніштің бетінде біртекті түс пайда болғанша, шамамен 1-2 минут айналды. Полимер төсеніштің бетіне отырғызылған соң, үлгі пеште $T=150-180^{\circ}\text{C}$, $t=3$ мин уақыт кептірілді. Дайын үлгінің бетіне арнайы терезелер литография әдісімен ашылды. Бұл процесс СЭМ-да электрон шоқтарының көмегімен орындалды. Арнайы терезелер ретінде түрлі пішіндегі фигуралар немесе жазуларды алуға болады. Тәжірибе барысында төртбұрыш, квадрат және дөңгелек тәрізді терезелер ашылды.

Дайын полимер енгізілген Si төсенішінің бетінде арнайы ашылған терезелерге ZnO нанобіліктердің массивтерін өсіру үшін, гидротермалды әдіс жүргізілді. Мырыш нитраты мен уротропиннің концентрацияларын 25мМ , 50мМ , 75мМ етіп алып, гидротермалды әдіс 95°C температурада, 1 сағ уақытта жүргізілді. Үлгілердің морфологиясы мен нанобіліктердің диаметрлерінің өзгерісі сканерлі электронды микроскопта зерттелді.

Нәтижелер мен талқылаулар


Гидротермалды синтездеу әдісі арқылы кремний төсенішінде ZnO нанобіліктерінің массиві алынды. Нанобіліктердің массивін алу үшін мырыш нитраты $\text{Zn}(\text{NO}_3)_2 \cdot 6\text{H}_2\text{O}$ мен уротропиннің $\text{C}_3\text{H}_{12}\text{N}_4$ судағы ерітіндісі даярланды, реагенттердің қатынасы 1:1. Дайын ерітіндіге кремний төсеніші салынып, синтез су моншасында магнитті араластырғышы бар қыздырғыш пеште $T=95^{\circ}\text{C}$, $t=1$ сағатта жүргізілді. Синтез біткен соң, кремний төсеніші ультрадыбыстық ваннада 10 минут тазартылды да, 5 минут кептіру пешінде ұсталынды.



Сурет 1. Гидротермалды синтез әдісі арқылы кремний төсенішінде өсірілген ZnO нанобіліктерінің СЭМ бейнесі, $T=95^{\circ}\text{C}$, $t=1$ сағат

Гидротермалды синтез әдісі арқылы алынған ZnO нанобіліктерінің массиві (сурет-1) көрсетілген. Синтездеу барысында мырыш нитраты $\text{Zn}(\text{NO}_3)_2 \cdot 6\text{H}_2\text{O}$ мен уротропиннің $\text{C}_3\text{H}_{12}\text{N}_4$ концентрациясы 50мМ етіп алынды. Реагенттердің 50мМ концентрациясында, $T=95^{\circ}\text{C}$, $t=1$ сағатта өсірілген нанобіліктердің ұзындығы $2,66\text{мкм}$ болды.


